

**ТАЛАЙ БАЛА ВЕЙП-ТЕМЕКІГЕ ТӘУЕЛДІ**

2-бет



**ҚИЫС ЖОЛ**

8-бет


zangazet@mail.ru

№40 (3571) 2 маусым 2023

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет





**ҰТЫСТАН ҚҰР ҚАЛМАҢЫЗ!**

Біздің басылымдарға жазылып, ұтысты болыңыз!

Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының» қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:

«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); (Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртектің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ 17 ШІЛДЕДЕ АНЫҚТАЛАДЫ.

**Ал, іске сәт!**




БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ШЕТЕЛДІК КАПИТАЛ НЕГЕ ТЕК ШИКІЗАТ ӨНДІРУГЕ ЖҰМСАЛАДЫ?



**Елімізде шетелдік инвестицияның басым бөлігі шикізат секторына және оны тасымалдау мен сауда инфрақұрылымына кетіп жатыр. Мәселен, былтыр елге тартылған 28 млрд АҚШ долларының дені яғни, 12,1 млрд-ы тау-кен өнеркәсібіне, ал, 5,6 млрд-ы өңдеу өнеркәсібіне түскен. Бұдан шығатын қорытынды – Қазақстандағы шетелдік инвесторларды шикізат өндіруден басқа ешнәрсе қызықтырмайды. Бұл жөнінде Парламент Сенатында «Қазақстандағы инвестициялық ахуал және инвестициялық тартымдылық» деген тақырыпта өткен Үкімет сағатында айтылды.**

*(Соңы 3-бетте)*

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

**Аққали АХМЕТ,**
*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы:*

## «АСЫРА СІЛТЕУДІҢ СОҢЫ АШАРШЫЛЫҚ ПЕН АПАТҚА АЛЫП КЕЛДІ»

**– Аққали Қабижанұлы, 1928-1938 жылдардағы қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандары туралы сөзді Кеңес өкіметінің қазақ жерінде қалай орнағанынан бастаған жөн секілді.**

– Кеңес қоғамындағы өзгерістер өткен ғасырдың 20-30 жылдары қалыптасқан әкімшілдік-әміршілдік жүйенің қыспағымен, халықтың белгілі бір бөлігін құрбан ету арқылы іске асырылды. Бұл әсіресе жер мәселесінде, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру негізіндегі қайта құру саясатында айқын көрінді. Аштық туралы есеп пен статистикалық дерек, қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының еңбектері, кімдермен қарым-қатынаста болғаны туралы материалдар бұрынғы Қауіпсіздік комитетіне түскен, одан кейін қайтарылмаған. Тіпті, бұл органға қазақ шежірелеріне дейін алдырылып, кімнің сұлтан, кімнің би-батыр болғаны жөніндегі мәлімет жинастырылған. Ашаршылық, қуғын-сүргін тарихына қатысты көптеген құжат, материалдар түрлі ведомство қоймаларында қалдырылды. Ал, олардың көпшілігі Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас Прокуратура, Ішкі істер министрлігі архивтерінде сақталуда.

*(Соңы 5-бетте)*

ПІКІР

# РӘМІЗДЕР - МЕМЛЕКЕТ АЙБАРЫ



**Тәуелсіз елдің дербестігі мен пәрменін айшықтайтын – мемлекеттік символдар. Ол ел тарихының өткені мен бүгінін сабақтастырады, ұлттың тарихын, өзіндік мінезін, айбары мен айбынын бейнелейді. Қаһармандық пен даналықты тоғыстырып, мәдениет пен менталитетті кіріктіреді.**

Олар – Ту, Елтаңба, Әнұран. Елдің бетке ұстар құжаты іспеттес болған бұл құнды дүниелер бізді бүкіл әлемге танытады, әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықты мәңгілікке жалғайды. Ел азаматтарының киелі рәміздерге деген құрметінен өзгелер олардың отансүйгіштігі мен патриоттық сезімін аңғарады. Бұған мысал көп. Кез келген халықаралық додада әнұранымыз әуелесе, көк байрағымыз биікке желбіресе әрқайсысымыздың көңілімізді қуаныш пен мақтаныш кернейді. Ендеше, рәміз әрбір перзенттің отанға деген сүйіспеншілігі мен махаббатын арттыратын күшке ие. Рәміздер – халықтың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін мұра.

«Мемлекеттік рәміздер туралы» Конституциялық заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым ҚР Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.

Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің мызғымас негіздерінің бірі, патриотизмнің көрінісі, бүкіл қоғамды біріктіретін фактор, кез келген ұлт пен мемлекеттің болмысын қалыптастырудың құрамдас бөлігі. Отанды қастерлеу, туған елге деген шынайы құрмет мемлекеттік рәміздерді қадірлеуден басталады. Ата Заңымыздың 34-бабында: «Әркім республиканың мемлекеттік рәмізін құрметтеуге міндетті» деп жазылған. Өйткені, олар халқымыздың мақтанышы, біздің ең киелі құндылығымыз. Бір сөзбен айтқанда, ұлтымыздың рухани құндылықтарын қадірлеу – мемлекеттік рәміздерге деген құрметтен, оны мәртебе тұтудан басталады.

Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет – елге, жерге, Отанға деген құрмет. Осыны еліміздің әрбір азаматы сезінуі тиіс.

**Марат АХТАНОВ,**
**Түркістан облысы Әділет департаменті әкімшілік бөлімінің басшысы**

КӨКЕЙКЕСТІ

**Елімізде балалар өмірінің қауіпсіздігін сақтау жайы сын көтермейді. Басқаны айтпағанда, бұл маңызды да жауапты іспен кездейсоқ адамдар айналысып жүр. Алыс ауыл былай тұрсын, ірі қалаларда орналасқан білім беру ұйымдарының өзінде лицензияланған күзет қызметі жоқ. Барларының өзі тиісті даярлығы бар адамдарды тартуға құлықсыз.**

# ТАЛАЙ БАЛА ВЕЙП-ТЕМЕКІГЕ ТӘУЕЛДІ



Кемшілік мұнымен шектелмейді. Білім беру ұйымдарындағы бейнебақылау камералары техникалық сипаттамасына сәйкеспейді. Бақылау камерасындағы жазбаларды 30 күннен кем емес уақытқа сақтау талабы сақталмайды. Дабыл түймелері мен бейнекамераларды ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтарына қосуға мүмкіндік жоқ. Ғаламтор желісінің сапасыздығынан төтенше оқиға жайында тиісті орындарға хабар дер кезінде жетпейді. Мұның салдарын ойлаудың өзі қорқынышты. Бұл жайлы білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік мәселесі жайлы Парламент Мәжілісінде өткен дөңгелек үстелде белгілі болды.

Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспанның айтуынша, бұл олқылықтар жыл басында білім беру объектілерінің кешенді қауіпсіздік жүйесімен қамтамасыз етудің жай-күйіне мониторинг жасау барысында анықталды. Құрамына жергілікті атқарушы органдардың, білім саласында сапаны қамтамасыз ету, полиция, төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттердің және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кірген 162 мониторингтік топ 10 мыңнан аса білім беру нысанын тексеріпті. Оның 2 654-і балабақша, 6 935-ы мектеп және 472-і колледж.

Жалпы, құзырлы орындар мемлекет басшысының тапсырмасына орай білім беру ұйымдарында балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау жүйесін орнатып, оларды жедел басқару орталықтарына қосу, лицензияланған күзетпен және дабыл түймелерімен қамтамасыз етуге күш салып жатқанға ұқсайды. Бұл үшін білім беру саласындағы террористік әрекеттерден осал объектілерді қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық, білім беру ұйымдарына енгізуге тыйым салынған заттардың тізбесі, мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыру стандарттарын бекіту секілді қажетті нормативтік құқықтық актілер қабылданыпты.

Бүгінде тоқсан сайын министрлік білім ұйымдарында қауіпсіздік талаптарының сақталуына мониторинг жүргізіп келеді. Соның нәтижесінде білім беру ұйымдары 100 пайыз бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген. Бүгінде бейнебақылау жүйесін нұсқаулықтың жаңа талабына сәйкестендіру бойынша жұмыс жалғасуда.

Білім беру ұйымдарының бейнебақылау жүйесін жедел басқару орталығына не ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне шығару 5,5 мыңнан аса білім беру ұйымдарында қамтамасыз етілген. Лицензияланған күзетпен қамтамасыз етілген ұйымдар барлық осындай мекемелердің 75 пайызын құрайды. Ал күзет фирмаларына қосылған дабыл түймесін орнату білім ошағының 92 пайызында аяқталды. Өңірлік әкімдіктерге жаңа оқу жылының басталуына дейін қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты аяқтау тапсырылған. Осы мақсатта, жергілікті атқарушы органдар білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қаржы бөліп, қажетті жұмыстарды атқаруда. Бұл жұмыс министрлік бақылауында. Қазіргі таңда жергілікті бюджетте білім беру ұйымдарын қауіпсіздік жүйелерімен одан әрі қамтамасыз етуге 12 млрд 777 млн теңге мөлшерінде қаражат бөлінді.

Жалпы, балалар қауіпсіздігі жүйесін одан әрі жетілдіру үшін білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының дербес жауапкершілігін күшейту, ішкі істер органдары тарапынан білім ордаларына тұрақты түрде мониторинг жүргізуді жалғастыру қажет. Құзырлы орын бұл тұрғыда да белгілі шараларды жүзеге асырып жатыр екен. Соның бірі педагог мамандарды даярлау және қайта даярлау бағдарламасына балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жаңа модуль енгізу. Тоқетерін айтқанда, білім беру мекемелеріне қатысты біраз шаруа атқарылған.

Алайда, балалар уақытын тек мектепте өткізбейді. Олардың былайғы өмірдегі қауіпсіздігі қаншалықты сақталған? Жиында сөз алғандардың айтуына қарағанда бұл тұрғыда назар аударып, нақты шара қабылдауды қажет ететін мәселе бар. Мәселен, Қазақстан халықтары Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Баян Ахатайдың мына жанайқайы «балам болашағым» дейтін елдің әрір саналы азаматын бей-жай қалдырмауы керек. Ахатай ханым буы арқылы 30-ға жуық зиянды заттар бөлініп, аллергия тудырып, бауыр мен бүйректі зақымдайтын электронды темекі-вейп индустриясы маркетингінің толығымен балаларға арналғанын айтқан еді. Олар жеткіншектердің көз жауын алардай әрленген, түрлі дәмді хош иістендіргіштермен тартымды жасалған және әдетте дүкендерде көрнекі жерге орналастырылады. Бұған мән беріліп отырған жоқ. Мұның сыртында вейптің мүддесін қорғаушы мәртебелі адамдар бар, лоббиі өте мықты. Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері, ғалым және практик-пульмонологтардың вейп зияны туралы жантүршігерлік дәлелдері, мектеп оқушыларының «ойыншығына» айналған «никотин+химия» тауарды жанын сала қорғайтындар бар. Себебі, контрабанда және заңды айналымдағы бұл есепсіз көп түсімі бар, жолға қойылған, тұтынушысы сағат санап өсіп келе жатқан табысты бизнес. Ең қорқыныштысы, дүниежүзілік вейп индустрия оны елімізге жеткізіп отыр. Олардың көздегені басқа. Бұл бизнесті қолдаушылар мен қорғаушылардың ішінде кәсіпкер құқығын қорғаған болып «Атамекен» Ұлттық палатасы жүр. Айтары «қара нарық көбейеді, темекіге тәуелділерде таңдау болуы керек, бұл адал кәсіпкерлердің құқығын бұзады» деген сылтау. Біз талқылап, таласып жүргенде талай бала вейп құрбаны болып жатқанын билік өкілдері мен вейп индустрия мүддесін қорғаушылардың есіне салсақ.

Баян Ахатай сонымен қатар балабақшадағы қауіпсіздікке қатысты да өз пікірін ортаға салды. Мектеп жасына дейінгі балалар қауіпсіздігінің негізгі кепілі – тәрбиешілер. Ешқандай камера, турникет балалармен тікелей физиологиялық және менталдық байланысқа түсетін тәрбиешідей қамтамасыз ете алмайды. Қауіпсіздікті техникалық жағынан қамтамасыз еткен дұрыс, әрине. Бірақ бұл мәселені ішкі жағынан қарамаса болмайды. Яғни, тәрбиешілердің әлеуметтік, материалдық жағдайына да көңіл бөлу маңызды.

Иә, балалар қауіпсіздігі бүгінде көп қырлы мәселе. Баланы ғаламтор тәрбиелеп жатқан уақытта кибербуллинг мәселесі де өзекті болып тұр. Жеткіншектердің не көріп, не оқып жатқаны да алаңдатпай қоймайды. Көптеген балалар өз жақындарынан, тіпті, туған әке-шешесінен қиянат көруде. Қысқасы, балалар қауіпсіздігі бір ғана білім мекемелерінің қауіпсіздігімен шешілмейді. Бұл ретте отбасындағы тәрбие, сана биіктігінің маңызы ерекше тұрғанын тағы да айтуға мәжбүрміз.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,**
**«Заң газеті»**

ТҮЙТКІЛ

# ЕСІРТКІГЕ ҚҰМАР ЖАСТАРДЫҢ КӨБЕЙГЕНІ АЛАҢДАТАДЫ

**Нашақорлық – қоғам дерті. Бұл мәселеге Қазақстанда ерекше көңіл бөлінген. Тәуелсіздік алғаннан кейін «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» заңның алғашқылардың бірі болып қабылдануының себебі де мәселенің маңыздылығымен байланысты болса керек.**

Қазіргі кезде есірткіге қатысты қылмыстар көбеймесе, азайған жоқ. Ең өкініштісі, студенттер мен мектеп оқушыларының арасында есірткі, психотропты заттарды қолданушылар саны артып келеді. Сонымен бірге, есірткі, психотропты заттарды тасымалдап, делдалдық жасағаны үшін істі болып жатқандар қатарында да жастар көп. Әсіресе, бүгінгідей интернет дамыған заманда психотроптық заттарды сату да, сатып алу да жеңілдегені жасырын емес.

Нашақорлық – ұлттың генофондына қауіп төндіретін проблема. Одан қорғану үшін ең алдымен жас ұрпақтың бойында есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыру керек. Сонымен бірге, есірткінің зияны, оны сату арқылы табыс табу, тасымалдау, таратудың соңы қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатынын жастардың санасына сіңіру маңызды. Қылмыстық кодекстің 11-тарауында халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық белгіленген. Бұдан бөлек, «Есірткі, психотроптық және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы» Жоғарғы Соттың арнайы нормативтік қаулысы бағдар ретінде пайдаланылады.

Есірткіге әуестік көп ретте білместіктен басталады. Ал есірткінің дәмін бір татқан адамның қылмыс жасамасына кепілдік жоқ. Өйткені, есірткі тұтыну үшін үнемі қаржы керек. Қаржы табу мақсатында есірткіқұмарлардың айналасындағыларды еліктіріп, қатарына тартуы қалыпты жағдай. Сонымен бірге, есірткі үшін ұрлық жасап, өзге тұрмақ, өз туысын тонайтындар аз емес. Нашақорлар еліктегіш жастарды өз тобына қосуға тырысады. Жаңаға құмар жастар басында қызық үшін, тіпті өзін ересек сезіну үшін нашаның дәмін көреді. Бара-бара нашақорға, есірткінің құлына айналғанын сезбей де қалады. Олар нашақорлықтың ауыр, емделуі қиын індет екенін түсінбейді. Бұған қоса, нашақорлар арасында СПИД, сифилис және гепатит жұқтыру мүмкіндігі де жоғары екенін ұмытпау керек. Еліктеумен басталған ойсыз әрекетінің опық жегізгенін сот отырысында мойындайтын, өз ісіне өкінетін жастар баршылық. Өзгелер осындай ойнақтап жүріп от басқан жандардың қателігінен сабақ алса дейміз. Міне, сондықтан да есірткіге қарсы күрестен сот қызметкерлері де шет қалмай, сот тәжірибесін көпшілікке жеткізуде белсенді жұмыс жүргізіп келеді.

**Е.МАЙШИНОВ,**
**Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

МІНБЕР

# СӨЗДІҢ ҚҰДІРЕТІ КҮШТІ

Сот – мемлекет атынан үкім шығаратын мәртебелі орган. Судьяның шығарған қаулысы, шешімі мен үкімінің сапасына қарап сот жұмысына баға беріледі. Сонымен қатар, халықтың сот қызметіне байланысты пікірі, сын-реніші жинала келе мемлекеттегі әділдікке, төрелікке қатысты жиынтық көзқарас қалыптасады. Сондықтан сот жұмысына, судья қызметіне қатысты талап пен жауаптылық бір мысқал да төмендеген емес. Бүгінгі күнге дейін қолға алынған реформалар бойынша сот жұмысын жүйелеуге, сот мәртебесі мен тәуелсіздігін нығайтуға, судьяларға көрсетілетін ықпалды жойып, жүктемені азайтуға қолымыз жетті. Жоғарғы Соттың бастамасымен қазір судьялар өз шешімін түсіндіруге міндеттелді. Арнайы заңға өзгеріс енгізіліп, сот шешімдерін дайындаудың үлгісі қалыптасты. Әріптестерге бағдар болуы үшін республика бойынша ең сауатты, ең түсінікті, аса мұқият жазылған үкім, шешімдер топтастырылып, жинақ етіп шығарылды. Бұл қазылардың қателеспеуіне, біліктілігін шыңдауына үлкен сабақ.

Жалпы, сот шешімі – судья жұмысының ең түпкі нәтижесі. Осы маңызды құжатта судьяның сот ісіне қатысты атқарған бүкіл еңбегі көрініп тұрады. Енді сот шешімін шығарғандағы судья жұмысы тек сала мамандарына ғана емес, қарапайым азаматтарға да түсінікті болуы керек. Өйткені, судья өзі шығарған сот актісінде тараптарға мұндай шешімді не себепті, қандай заңға, қандай құжатқа, дәлел-дәйекке сүйене отырып шығарғанын қарапайым тілмен түсіндіре білуі керек. Сот шешімін қолына алған тараптарда ешқандай басы артық сұрақ, күмән-күдік туындамауы тиіс. Егер сауал болса, судья өз шешімін түсіндірген соң тараптарға жауап беріп, ешқандай түйткіл қалдырмауы маңызды.

Сөздің құдіреті күшті. Ақылмен айтылған сөзге тоқтамайтын тарап жоқ. Содан болар, соңғы жылдары жоғары сатыларға шағым аз. Судьяның шешімін түсінбедік деп арыздanатындар қатары да сиреді. Осының өзі сот саласындағы бастамалардың қоғам көңілінен шығып жатқанын дәлелдейді.

**Жанель НУРСЕИТОВА,**
**Алматы қаласы Алатау аудандық сотының судьясы**

ШАРА

# АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ - АРДЫҢ ІСІ

**Алиментті өндіру – өзекті мәселе. Бала алдындағы жауаптылығын ұмытқан ата-ананың әрекеті бүгінде қоғамдық түйткілге айналды.**

Ажырасу деректері азаймаған соң, алимент бойынша берешегі барлардың саны да кемімей отыр. Ал бала алдындағы қарызын өтемегендердің жауаптылығын қалай арттырамыз? Қарызын ұмытқандардың санасына қалай әсер етеміз?

Алименттен қашып жүрген азаматтарға ой салып, санасына қозғау салу мақсатында жақында ауқымды шараны қолға алдық. Ол үшін «Алимент төлеу – ардың ісі», «Әке, алиментті ұмытпа!», «Әке, біз сізден алимент күтіп жүрміз!» деген мағынадағы биллборд, плакаттар әзірленіп Алматы облысы Қарасай ауданының орталығы – Қаскелеңдегі адам көп жүретін базар, вокзал, Халыққа қызмет көрсету орталығы, емхана, аурухананың бірден



көзге түсетін жерлеріне ілінді. Бұл әкелік борышын ұмытып жүрген азаматтарға ой салады деген үміттеміз.

**Еркін ШАҒДАТ, Талғат КЕНЕНБАЕВ,**
**Қарасай ауданының жеке сот орындаушылары**
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

# САНДЫҚ ЖҮЙЕ ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

Сот кеңсесі мамандарының жұмысы көзге көріне бермейді, азаматтарға байқала қоймайды. Өз жұмысын айқайлап, жарнамалап жасамағанымен, кеңсе мамандарының еңбектері өте жауапты. Сот өндірісіне түскен әрбір құжаттың дер кезінде тіркеліп, уақытында орындалуы үшін мамандар барын салады. Сот отырысын ұйымдастырудың артында қаншама еңбек, қаншама күш-қайрат жатқанын бағамдау үшін сот қызметкерлерінің бір күнгі жұмысына шолу жасасақ жеткілікті. Бұған қоса осы сапта қарымды еңбек етіп жүрген қызметкерлер сот құжаттарымен жұмыс істеуді ғана емес, азаматтармен жылы қарым-қатынас орнатуға шебер, жаңа бастамаларды меңгеруге бейім болуы тиіс. Сот саласына жаңа технологиялар жетістігін еркін енгізіп, онлайн қызмет ұсынудың көшбасшысы болып мойындалуында сот мамандарының үлесі зор.

Бүгінде республикадағы барлық сот мәжіліс залдары дыбыс-бейнежазу құрылғыларымен жабдықталған. Соның арқасында сот отырысының хатшылары бұрынғыдай ұзын-сонар хаттама жазып отырмайды. Іс бойынша қысқаша хаттама жасап, сот процесі жазылған таспаны мұрағатқа бірге өткізеді. Бұл мамандардың жұмысын жеңілдетіп, қағазбастылықтан арылуына айтарлықтай ықпалын тигізді.

Сот отырыстарын онлайн өткізуде, куәгерлерді сот отырысына қашықтан қатыстыруда да мамандар тыңғылықты жұмыс жүргізеді. Мұнда заманауи технология жетістіктерін дұрыс меңгеріп, жұмыс барысында пайдалана білумен қатар, азаматтарға онлайн іс жүргізудің тәртібін түсіндіру, қашықтан сот отырысына қатысудың мән-жайынан хабардар ету де үлкен еңбекті талап етеді. Жаңалыққа құмар, ізденуден шаршамайтын сот мамандарының арқасында сот саласында әлі талай іргелі өзгерістердің орын алары күмәнсіз.

**Алена СУЮНДИКОВА,**
**Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының әкімшілік жетекшісі**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ШЕТЕЛДІК КАПИТАЛ НЕГЕ ТЕК ШИКІЗАТ ӨНДІРУГЕ ЖҰМСАЛАДЫ?

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Жалпы, Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі инвестициялық ахуалды жақсарту және инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау екені белгілі. Инвестициялық тартымдылықтың басты өлшемдері – саяси тұрақтылық, заңнаманың болжамдылығы мен өзгермейтіндігі, мемлекеттік басқарудың тиімділігі. Инвестициялық ахуалдың негізін құрайтын осы факторлар үнемі мемлекет бақылауында.

Жиында айтылған әңгімеден түйгеніміз ұлттық заңнамада елімізде инвестициялық белсенділікті ынталандырудың түрлі тетіктері қарастырылған. Осыған сәйкес Қазақстанда инфрақұрылымды және кең ауқымды инвестициялық преференцияларды қамтамасыз ететін 14 арнайы экономикалық және 33 индустриялық аймақ жұмыс істейді. Бизнесті ашу және жүргізу рәсімдері жеңілдетіліп, берік нормативтік құқықтық база және инвестициялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, инвестициялық саясаттың жаңа тұжырымдамасы бекітілді. Бүгінде Қазақстанның 76 елмен визасыз режимі бар және инвестициялық омбудсмен институты жұмыс істейді.

Бұл шаралардың нәтижесі де баршылық. 2022 жылы Қазақстанға тартылған шетелдік инвестиция 28 миллиард доллар болып, рекордтық көрсеткішке жетті. Бұл соңғы 10 жылдағы инвестицияның ең үлкен ағыны және еліміздің инвестициялық тартымдылығының айқын дәлелі. Ішкі өнім өсімінің оң динамикасы да байқалып отыр. Мәселен, 2022 жылы бұл көрсеткіш 2,1 пайызға жетіп, 220,5 млрд долларды құрады. Бұл қазіргі геосаяси жағдай аясында елеулі жетістік. Еліміз сыртқы сауда айналымын да өте қарқынды ұлғайтып келеді. Былтыр бұл саладағы табыс 134,4 миллиард долларға жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 35 пайызға артты.

Алайда, бізде бәрі жақсы деп тоқмейілсуге ерте. Жиында мұның себебін қосымша баяндама жасаған сенатор Ольга Перепечина ашып айтты. Оның сөзінен ұққанымыз, елімізде статистикалық мәліметтер бойынша көптеген инвестициялық келісімшарттар жасалады. Мысалы 2017–2022 жылдар аралығында 3,4 трлн сомаға 351 инвестициялық келісімшартқа қол қойылыпты. Оның ішінде 2,5 трлн сомаға жасалған 238 шарт күшінде. Алайда осынша көп мәміледен өңдеу секторына келіп жатқан пайда жоққа тән. Әлі күнге экономикамыздың құрылымы импортқа тәуелді болып отыр. Мәселен, Қазақстан ең маңызды құрылыс материалдарының 90 пайызын сырттан сатып алады. Сонымен қатар, бюджетке қомақты қаржы құйылып, агроөнеркәсіп кешеніне салық және кедендік преференциялар берілгеніне қарамастан, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 56 пайызы импорттық тауарлар.

Ал, арнайы экономикалық аймақтарда өнеркәсіптік кәсіпорындарды құруға салынған 1,2 трлн теңге көлеміндегі инвестицияның 65 пайыздан астамы – квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржысы. Бұл жеке инвестицияның мемлекеттік инвестициямен нақты алмастырылғанын аймақтарға инвестиция тартуға негізгі кедергілер инфрақұрылымның толық жасалмауы, білікті кадрлардың тапшылығы, осы өңірлер құрылысының аяқталу сатысындағы инвесторлар үшін берілмейтін өзін өзі ақтау мерзімі секілді мәселелер. Бұл мәселелерді шешу бағытында қабылданған шаралар аз емес. Мәселен, депутаттар өз тарапынан заңнамалық бастамалар жасап, саланы құқықтық тұрғыдан қолдауда әрдайым белсенділік танытып келе жатыр. Инвестициялар көлеміне қарай жеңілдіктер беруде сараланған тәсілге, арнайы экономикалық аумақта басым бағытты таңдап, қызметтің жаңа түрлерін өзекті мәселелер тізбесіне енгізу рәсімдерінің мерзімін қысқартуға қатысты үкіметке маңызды ұсынымдар жіберілді. Техникалық шарттарды беру уақыты және арнайы экономикалық аймаққа қатысушылардың өндірістік қуатқа жеткеннен кейін жер учаскесін сатып алу мүмкіндігін ұсыну және тағы басқа шаралар қабылданды. Ұсыныстардың көпшілігі заңмен бекітілген, кейбіреулері әзірлену сатысында. Осыған орай, бұл жаңалықтар АЭА-ның дамуына одан әрі серпін беріп, ақырында өнеркәсіп пен кәсіпкерлікті дамытудың нүктелеріне айналады деген үміт бар.

Алайда жүйелік проблемалармен қатар жүретін мемлекеттік басқару тиімділігінің жеткіліксіздігі, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар арасында өзара байланыстың жоқтығы, жобаларды қарау ұзақтығы, құжаттар бойынша келісу және қол қою тәртібіндегі бюрократиялық кедергілерге қатысты нақты шешім қажеттігі айқын көрініп тұр. Мемлекеттік органдардың өз міндеттемелерін орындамауы, өнім өндіру үшін шикізатпен қамтамасыз ету, электр желілеріне қосылуға техникалық шарттарды алудың қиындығы, теміржол инфрақұрылымының әбден тозуы, энергия тапшылығы да инвестициялық тартымдылыққа, оның қайта өңдеу саласына бағытталуына елеулі кедергі.

Талқылау барысында көптеген сұрақтар қойылып, инвестициялық ахуалды одан әрі жетілдірудің өзекті мәселелері ортаға салынды. Нақты ұсыныстар жасалды. Депутаттар бұл ретте инфрақұрылымды жүргізуге инвесторлар шығындарының бір бөлігін өтеу, басым салаларда инвесторлар үшін жаңа ұсыныстар пакеттерін дайындау, стратегиялық инвестициялық жобалар үшін барлық қажетті рәсімдерді қолданудың және өтудің арнайы тәртібімен қамтамасыз ету, техникалық шарттар берудің бірыңғай регламентін бекіту үшін тиісті құқықтық актілерді қабылдауға жеке меншік инвесторларды тарту тетіктерін әзірлеу, мемлекеттік органдармен артық келісімдерді қысқартуға жаңа инвестициялық саясатты әзірлеу және сауда саясатының тұжырымдамасын дайындау қажеттігін атап көрсетті.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,**
**«Заң газеті»**

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

**Биыл құрылғанына 60 жыл толып отырған Алматы көпір құрамалары зауытының (АКҚЗ) өнімдері соңғы жылдары тек Қазақстан ғана емес, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей елдеріне де әйгілі бола бастады. Жол, көпір және түрлі азаматтық құрылыс нысандарына қатысты 400-дей атаулы өнім түрін шығаратын құрылыс саласының жүйе құраушы өндіріс орны бүгінгі таңда мыңнан астамды адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.**

# КАДР ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
## БАСШЫНЫҢ ІСКЕРЛІГІ МЕН ҚАМҚОРЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

АКҚЗ – ҚР Президентінің «Алтын сапа» – «Өнімнің мінсіз сапасы үшін» сыйлығы беріле бастағалы бері оған бір емес, екі рет ие болған (2014, 2020) Қазақстандағы жалғыз компания екенін де осы арада атап өткен артық болмас. Ол технологиялық инновациялық жабдықтарды жаңғыртуға жыл сайын қаржы жұмсауда. Мәселен, өндіріске салынған инвестициялар соңғы 5 жылда көлемі 4 млрд 3 млн теңгені құрады. Өндіріс орнының мемлекетке жыл сайын салық түрінде төлейтін қаржысының көлемі 1,5 млрд теңгеден асады.

– Біз заманауи техника мен технологияны игере отырып, кеңестік дәуірде еліміз қол жеткізген құндылықтарды сақтап қана қоймай, оны ары қарай дамытуға көп көңіл бөлеміз. Соның нәтижесінде кәсіподақ ұйымын жандандырып, алдыңғы аға буын өкілдерінің білімі мен тәжірибесін жас мамандардың біліктілігін көтеруге пайдалану үшін жас мамандарға тәлімгерлік жасауға тартудамыз. Бұл нәтижесіз емес, өндірістік тәжірибеден өтуге келген техникалық жоғары оқу орындарының көптеген түлектері, бүгінгі таңда сынақтан сәтті өтіп, жауапты лауазымдық қызметтерді атқарып жүр. Мамандар тапшылығын азайту мақсатында жоғары оқу орындарымен ғана емес, кәсіптік-техникалық колледждермен де әріптестік байланыс орнатып, тығыз қарым-қатынас жасаймыз. Маманға, еңбек адамына жасалған қолайлы жағдайдың нәтижесінде кадр тұрақтылығын қамтамасыз ете алдық. Бізге жұмысқа тұруға келген адамның арасында кері кеткен ешкім жоқ. Бәрі осында тұрақтап қалады, – дейді «АКҚЗ Group» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Шардинов.

Мерейтойға орай БАҚ өкілдері үшін ұйымдастырылған пресс-тур кезінде Шухрат Ахметжанұлы өзі бас болып, Алматы көпір құрамалары зауытының өндіріс процесімен таныстырып шықты. «АКҚЗ» ЖШС бұйымдары көрмесінен бастап, зертхана мен әрбір цехтың қызметін ондағы жетекші мамандармен бірге жан-жақты түсіндіріп берді. Сондай-ақ, өндіріс орнындағы қызметкерлерге арналған шаштараз, кеңесші дәрігер, физиопроцедуралар, фитнес залы, бассейн, дүкен сияқты тұрмыстық, медициналық, спорттық, қоғамдық қызмет көрсету бөлмелері мен қазақ тілі кабинетін аралатты.

17 гектар аумақты алып жатқан зауыттың іші де сырты да тап-түйнақтай. Ерекше ұқыптылықпен өсірілген жасыл желек, демалыс орындары, субұрқақтар мен көркем мүсіндердің бәрін қызметкерлер өз қолымен орнатқанын естігенде кезде еріксіз таңдай қаққандар аз болмады. Журналистердің бірінен кейін бірі жарыса қойған сауалынан кейін Ш.Шардинов қоршаған ортаның жанға жайлы болуы үшін әрбір цех арасында жыл сайын зауытта арнайы байқау жариялағанын, өз ауласын үздік безендірген цехқа 1 млн теңгеге дейін жүлде тағайындалғанын жеткізді. Осындай қолдаудың нәтижесінде жүлде алған 1-3 орын иегерлері де, өзге қатысушылар да әр байқауға жоғары дайындықпен қатысады екен. Зауыт асханасы мен қызметкерлердің жеке қажеттіліктері үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен өнімді балғын күйінде және тұрақты бағада жеткізіп, апта сайын жәрмеңкелер өткізіп тұруын қарастыратын арнайы келісімшарт жасалған. Шетелдегі әріптестерінің өндірісі мен ондағы қызметкерлердің тұрмыс жағдайымен танысып, демалып қайту үшін жыл сайын 40 адамға тегін жолдама да беріледі. Ал зауытқа қарасты «АКӨЗ Жаркент» туристік кешенінің жолдамасын әркім өзіне ыңғайлы уақытта қолайлы бағамен ала алады. Бұдан бөлек жас мамандарға уақытша тұру үшін жатақхана беріліп, жеке тұрғын үй саламын дегендерге компанияның 2015 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан Индустриялдық құрылыс комбинатында жасалған құрастырмалы монолитті қаңқалы үйлері несиеге қолайлы шартпен беріледі.

«Мына цехта немістердің технологиясы бойынша жылына 350 мың теміржол шпалы жасалады. Мұнда барлық процесс автоматтандырылған. Оны 5 жыл бұрын 2018 жылы 25 мамырда іске қосқанбыз. Сол уақыттан бері ол бір күн де тоқтаған жоқ. Біздің шпалдар 30 тоннаға дейін жүк көтере алады. Оның үстімен темір жол пойызы 300 км/сағатпен жүре алады. Бұл шпалға еліміздің жалпы сұранысы 1 млн дананы құрайды. Оның 350 мыңын біз жабамыз. Қалғанын отандық өзге өндірушілер толтырады. Соның нәтижесінде Қазақстан ішкі нарықты толықтай өз өнімімен қамтамасыз етеді. Біз шпалды сырттан импорттамаймыз. Керісіне оны біз Өзбекстанға шығара бастадық. Сондай-ақ Ақтөбеден өз филиалымызды аштық. Онда батыс өңірлер үшін көпір салуға темірбетон өнімдері мен шпал шығарылады. Ресеймен де келіссөз жүргізіп жатырмыз. Онда «Ресей темір жолының» монополиясы бар, сырттан шпал кіргізу өте қиын. Дегенмен келіссөздер бойынша қандай да бір оң нәтижелер бар. Біздің шпал оларға қатты ұнайды. Өйткені, заманауи. Кеңестік технология бойынша Ресей өндіретін шпалдар 24 тонна ғана жүк көтере алады. Біздікі 30 тонна. Бұл оларды қанағаттандырады. Сондықтан онда өз өнімімізді жеткізуді биыл бастап кереміз деп үміттенем», – деген «АКҚЗ» ЖШС директоры Александр Терещенконың сөзіне қарағанда АКҚЗ өз өнімдерінің сапасына 50 жылдық кепілдік беріп отыр. Егер бәрі талапқа сай пайдаланылса тіпті, 100 жылға дейін қызмет көрсете алада. Ал көпірлер 9 балдық зілзалаға да төзімді. Сондықтан Батыс Қытай-Батыс Еуропа дәлізіндегі көпірлердің 80 пайызы осы зауаттың өнімінен жасалып отыр. Ал 2018 жылдан бері қолданысқа енгізілген 42 мың инновациялық темірбетон балкалары еліміздегі 72 көпірде қолданысқа еніп үлгерді. Олар көпір құнын 30 пайызға дейін азайтуға мүмкіндік берген.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

БАЗЫНА

# ӨНДІРІСТЕГІ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР АЗАЙМАЙ ТҰР



**Ұлттық статистика бюросы еңбек қызметіне байланысты жарақаттану мен кәсіптік сырқаттардың есебін жариялады. 2022 жылы елде 2449 жазатайым оқиға тіркелді. Алдыңғы жылы бұл көрсеткіш 2133-ті құраған. Былтыр жазатайым оқиғалар кезінде 584 адам жабық сынық, 444 – сыртқы жарақат, 273 – ми шайқалу мен ағза мүшелерінің жарақатын, 143 – басқа сынықтар (буын таю), 113 – ашық сынық, 108 – термикалық күйік алған. Жарақаттанғандардың 287-сі топтық жазатайым оқиғалар кезінде зардап шегіп, 657-сі кәсіби ауруға шалдыққан, 34-і уланған. 2022 жылы жарақаттанудың ең жоғары көрсеткіші Қарағанды (460), Ұлытау (307), Шығыс Қазақстан (233) облыстарында, ең азы Жетісу (15), Солтүстік Қазақстан (41) облыстары мен Шымкент (44) қаласында тіркелді.**

Қызмет түрі бойынша жарақат алу қаупі ең жоғары салалар өңдеу өнеркәсібі (29,8% ), тау-кен өнеркәсібі (23,9%), құрылыс (14,4%), денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету (8,8%) болды. Мертігудің ең аз үлесі ауыл, орман және балық шаруашылығы ( 2,4%) мен электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау (3,4 %) саласында болған.

Ең көп таралған кәсіби аурулар: спецификалық емес арқа ауырсынуы (289 адам); неврологиялық синдром (289 адам) және омыртқааралық дискінің зақымдануы (211 адам) болып отыр. Осы арады еңбек қызметіне байланысты жарақаттану мен кәсіптік сырқаттардың саны Ұлттық статистика бюросына заңды тұлғалар ұсынған есеп негізінде қалыптастырылғанын да атап өте кеткен жөн шығар.

Еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғауды жақсартуға бағытталған шаралар кешенін қабылдау туралы Парламент Мәжілісінің алдыңғы шақырылымында депутаттар Үкімет басшысының орынбасарының атына арнайы сауал жолдағаны есімізде. Сол кезде «Үкімет бекіткен Өндірістік жарақаттануды және еңбек жағдайлары зиянды жұмыс орындарын азайту жөніндегі 2019 – 2023 жылдарға арналған жол картасы іске асырылып жатыр. Ол жұмыс орындарында кәсіптік тәуекелдерді, өндірістік жарақаттануды және еңбек жағдайлары зиянды жұмыс орындарын азайтуға, тиісті мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған еңбек қауіпсіздігі саласындағы жұмыс берушілерге қойылатын талаптарды оңтайландыру жөніндегі шаралар кешенін көздейді. Жол картасына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруды, өндірістік кәсіпорындарда өндірісті басқару жүйесіне үздіксіз процесс болып табылатын, енгізілуі мен жұмыс істеуін бақылау енді жұмыс берушінің міндеті болып табылатын еңбекті қорғауды басқарудың заманауи жүйесін енгізуді көздейтін болады. Республика кәсіпорындарының Халықаралық Vizion Zero қауымдастығының тұжырымдамасына қосылуы туралы ақпараттық науқан жалғасуда (жарақаттың нөлге тең)» деген жауап айтылған болатын. Сондай-ақ, 2021 жылдың басында елімізде 2796 кәсіпорны еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау стандарттарын енгізгені де белгілі болған еді. Алайда статистикалық көрсеткіштер, еңбек қызметіндегі жазатайым оқиғалар азаюдың орнына, ұлғайып кеткенін көрсетіп отыр.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

МЕДИАЦИЯ

# ДАУ МҰРАТЫ – БІТІМ

**Ата Заңымызда мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандығы деп көрсетілген және оларға кепілдік берілген. Әрбір азаматтың өзінің құқықтары мен бостандығын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғануға хақы бар.**

2011 жылдың тамыз айынан бастап «Медиация туралы» заңға қол қойылды. Аталмыш заңға сәйкес, әзірге жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (дау-шарлар) медиацияның қолдану саласы болып есептеледі.

«Медиация туралы» заңның 27-бабы 7-бөлігінде көрсетілгендей, дауды осы заңға сәйкес реттеу туралы келісім, қылмыстық істі қарап жатқан судьяға жіберілетіні және Қылмыстық-процестік кодексте көрсетілген жағдайларда, қылмыстық қудалауды болдырмайтын не оны жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар қарастырылған.

Қылмыстық кодекстің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, іс қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

Сондықтан сотталушы жәбірленушімен «Медиация туралы» заңның тәртібімен татуласқан жағдайда, ҚР Қылмыстық кодекстің 68-бабы 1-бөлігіне сәйкес сотталушы қылмыстық жауаптылықтан босатылып, қылмыстық іс тоқтатылуға жатады.

Алайда, бұл аталған кодекстің 68-бабының 4-бөлігіне сәйкес абайсызда адам өліміне әкеп соққан қылмысты жасаған адамдарға қолданылмайтыны көрсетілген.

Сот өндірісінде онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы (абайсызда адам өліміне әкеп соққан қылмыстық істерден басқа) қылмыстық теріс қылықтар туралы қылмыстық істі қарау барысында, сот талқылауында іс бойынша төрағалық етуші судья, сотталушыға жәбірленушімен татуласу, оның ішінде медиация тәртібімен татуласу құқығын түсіндіріп, тараптарды татуластыруға шаралар қолданады.

Қылмыстық істерде медиация жүргізу кезінде медиацияда тараптар өзара келіскен жағдайда дауды реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар қол қояды.

Қылмыстық процесс барысында, медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауды реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыру және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жәбірленушімен татуласу жолымен жанжалды реттеу туралы келісімге келгенін білдіреді.

Егер медиация рәсіміне қатыспайтын немесе қылмыстық іс қозғауы мүмкін болған жағдайда, мұндай дауларға (дау-шараларға) медиация рәсімі қолданылмайды.

Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, үшінші тұлғалардың және сот әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың мүдделерін қозғаған кезде медиация рәсімі қолданылмайды.

Одан басқа, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды.

Медиацияның жетістігі – екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқаға қол жеткізу, тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету, судьялар жүктемесін және басқа да құқық қорғау органдарының жұмысын азайту. Көбіне сот шешіміне бір ғана тарап қанағаттанады, екінші тарап сот шешіміне риза болмағандықтан істі апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларында қайта қарауға өтініш береді. Аталған сатылардың әрқайсысының өзінің уақыт мерзіміне байланысты істерді қарауы бірнеше айларға, ал кейбір жағдайларда жылдарға созылып кетеді. Медиация әдісі арқылы азаматтар уақыт пен қаржы шығындарын үнемдейді.



**Жұмағұл ШӨЖЕНОВ,**
**Ұлытау облыстық сотының судьясы**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

Осы заңның шығуына заңгерлердің, ғалымдардың, оның ішінде қоғам қайраткері, біртуар, нар тұлға, академик С. Зиманов аянбай тер төкті. Ғалым сонау Кеңес үкіметінің «қылышынан қан тамған» қиын заманынан бастап, билер туралы деректерді жинақтап, ерінбей еңбек етті. Атақты би-шешендеріміздің би төреліктері, ғалым-заңгерлердің би-шешендер туралы еңбектері, осы дарабоз ақсақалдың басқаруымен жарық көрген өте құнды «Қазақтың ата заңдары» атты 10 томдық ғылыми жинаққа кірді. 2008 жылдың 22-23 мамырында Жоғарғы Соттың қолдауымен академик С. Зиманов сот-құқық саласындағы проблемаларға, оның ішінде қазақтың билерінің құндылықтарына арналған шетелдің ғалымдар мен сот-заң саласының көптеген бірінші басшылары қатысқан халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Осы конференцияда С. Зиманов ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерінің бірегейлігін, билер соты туралы құнды пікірлер айтып, Қазақстанда «Бітімгершілік туралы» заңды дайындап, оны қолданысқа енгізу туралы ұсыныс беріп, бұл ұсынысты барлық ғалым-заңгерлер бір ауыздан қолдаған болатын.

Міне, осы атқарылған үлкен жұмыстардың жемісі – «Медиация туралы» заң қабылданып, қолданысқа енгізілді. Бұл заң бұқара халыққа өте қолайлы, әрі тиімді, және сот органдарының жұмыс барысына көп жеңілдіктер әкелді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ

**Судья – сот жүйесіндегі басты тұлға. Судьяларға зор мәртебе беріле отырып, оған жүгі ауыр жауапкершілік пен талап жүктелген. Қалыптасқан тәртіп бойынша бүгінде елімізде судьялыққа үміткерлер барынша қатаң таңдаумен бірнеше сатылы іріктеуден өтеді. Жауапкершілігі мол қызметке тек мықты деген азаматтар ғана тағайындалады.**

# ЗАҢЫ ҮСТЕМ ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ



**Телжан ЖҮСІПОВ,**
**Байқоңыр қалалық сотының төрағасы**

Судья болу терең білім мен алғырлықты, кемеңгерлікті жауапкершілік пен төзімді талап етеді. Себебі, ол адамдардың тағдырын шешеді, даулар туғызатын істерді қарайды. Қай санаттағы істер болмасын судья тараптарға бірдей көзқараспен қарап, істі заң шеңберінде шешеді.

Өркениетті елдерде қалыптасқан өлшемдер бойынша сот төрелігінің әділдігі және ашықтығы елдің жарқын болашағы. Заңы үстем елдің келешегі кемел. Сондықтан, әділдіктің жаршысы болып саналатын судьялардан ел адалдық, шынайылық, әділетті шешім талап етеді.

Бабаларымыз: «Билік айту – оңай, біліп айту – қиын» деп, дауларға төрелік етудің қаншалықты ауыр, әрі жауапкершілігі мол екенін меңзеген. Әділдік жолымен жүру, әділ шешім қабылдау – әр судьяның басты парызы. Бұл ретте судьяның адамгершілік бейнесі арқылы елдегі сот жүйесі туралы қоғамдық пікір қалыптасады. Сот төрелігіне сенімді күшейту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолында басты тұлға болып табылатын судьялардың білімі мен біліктілігін үнемі жетілдіріп отыру аса маңызды. Сонымен қатар, судья өзінің міндеттерін атқаруы кезінде және күнделікті өмірде, қызметтен тыс кезінде де моральдық және этикалық әдеп өлшемдерін сақтап, судьяның абырой-беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерден бойын аулақ ұстауы тиіс.

Мұның бәрі Судья әдебі кодексінің талаптарында көрсетілген. Судьялардың қызметтегі және қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы әдеп кодексінің талаптарымен қатаң бекітілген. Соған сәйкес, судья кәсіби міндеттерін атқару кезінде және жұмыстан тыс уақытта әдеп қағидаларын сақтап, жоғары рухани принциптерді қатаң ұстанады.

Судьялық әдеп кодексінің талаптарын сақтаған судья әділетті шешім қабылдайды. Ол судья құқықтық қоғамның қалыптасуына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының және заңды мүдделерінің қорғалуына, заңның үстем болуына ықпал етеді.

Судьялардың қызметі жазалау ғана емес, даулар бойынша азаматтарды өзара келісімге шақыру. Бүгінде елімізде сот жүйесінде татуластыру рәсімдері азаматтарды бітімге келтірудің маңызды тетіктері ретінде жүзеге асырылуда. Татуластырушы-судьялар татуластыру рәсімдері қолданылатын санатқа жататын даулар бойынша сотқа жүгінген азаматтарға татуластыру рәсімдеріне қатысу құқықтарын түсіндіреді.

2022 жылы Азаматтық процестік кодекске өзгерістер енгізіліп, сотқа дейінгі хаттама институты пайда болды. Оның ерекшелігі, дау бойынша тараптар өзара дәлелдемелермен алмаса алады. Уақыт үнемдеу, материалдық шығынды болдырмау және мемлекеттік бажды қайтару да сотқа дейінгі хаттама жасаудың басты артықшылықтары.

Қазақ даласында дауларға төрелік етіп, қара қылды қақ жарып, әділ шешімін айту дәстүрі ертеден келе жатыр. Халқымыз ежелден-ақ орақ тілді би-шешендерді қадірлеп, қастерлей білген. Қазақ қоғамында жерге, жесірге, жетімге, құнға қатысты даулар көптеп кездескен. Адамдар өзара дауласып, келісімге келе алмағанда, билер сотына жүгінген. Шешімі жоқ деген қиын даулардың өзін дана бабаларымыз тобықтай түйінді сөзбен шешіп, әділ тұжырымын айтқан. Абыз ақсақалдардың сабырға шақырған дана сөздерінен соң, араздасқан азаматтар өзара келісімге келген. Мұның өзі қазақ халқының дүниетанымында аталы сөзге тоқтау, үлкендерді сыйлау құндылықтарының қай кезде де биік тұрғанын көрсетеді.

Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған әрі тұрақты қоғам. Қазақстанның алға қойған мақсаты дәл сондай қоғам құру. Бұл ретте судьяларға қойылатын талап қашан да жоғары. Қазіргі таңда еліміздің сот жүйесіндегі әр судья осы талаптың үдесінен шығып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, әділ қоғам құру жолында еңбектенуде.

Қазақстанда дербес сот билігі қалыптасқан. Судьялардың қоғам қажеттілігіне сай сот төрелігін жүргізу жауапкершілігі, кәсіби деңгейі мен қызмет этикасы нормаларын сақтауы еліміздегі сот жүйесінің ашықтығы мен судьялардың әділдігін көрсетеді. Қорыта айтқанда, сот билігінің абыройы мен беделі әділдікті ту еткен терең білімді судьялардың сот төрелігін жүзеге асыруымен айқындалады.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

КЕЛБЕТ

# МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕЙДІ

**Қызылорда облыстық сотының 85 жылдығы қарсаңында Жаңақорған аудандық сотында 39 жылдан бері абыроймен қызмет атқарып келе жатқан әріптесіміз Бибайым Әшімқызы Нәлібаева жайлы сыр шертсек дейміз.**



Ол бала кезінен сот саласында жұмыс істеуді армандапты. Себебі, оны заң саласы қатты қызықтырған. Асқақ арманы мектеп бітірген соң кейіпкерімізді Талдықорған заң техникумына алып келеді. Аталған оқу орнында заңгерлік білім алған ол 1984 жылы алғаш Жаңақорған аудандық сотының табалдырығын аттайды.

Аудандық соттағы қызметін сот отырысының хатшысы болып бастаған. Өз естелігінде кейіпкеріміз өзінің сол уақытта жаңа келін болып, отау құрғанын, қиын да жауапкершілігі мол қызметін атқаруға ата-енесі мен жұбайының қолдап көмектескенін құрметпен еске алады.

«Ол кездері қылмыстық істер көп жағдайда көшпелі сот отырыстарында қаралатын, талай шалғай елді мекендерге барып ауыл клубтарында сот отырысын өткізгеніміз есімде» – дейді Бибайым Әшімқызы. Сондай кездерде отбасы мүшелерінің өзіне түсіністікпен қарап қолдағаны, қабақ шытпағаны нәтижесінде әлі күнге дейін осы салада жұмыс атқарып келе жатқанын айтады.

Қазіргі тәуелсіз еліміздегі сот жүйесіндегі реформалардың оң тұстарын тілге тиек ете отырып, өзі хатшы болған сонау 1984–1990 жылдары сот отырысының 30-40 бет болатын хаттамаларын қолмен жазып дайындағанын, сотта жазу машинкасының болмауы себепті мекемелерге жолданатын хаттардың барлығы қолмен дайындалатынын, штаттық бірлікте курьер қызметі қарастырылмағандықтан мекемелерге хаттарды жеткізумен сот отырысының хатшылары өздері айналысқанын еске алады.

Бибайым Әшімқызының естелігі бойынша ол кезде аудандық сотта 1 судья төрағаның да, судьяның да қызметін атқарған екен. «Сотқа алғаш келген 1984 жылдан бастап осы уақытқа дейін 8 сот төрағамен қатар жұмыс істедім, олардың әрқайсысының бойындағы өздеріне тән өзіндік іскерлік, кәсіби, адамгершілік қасиеттерін бойыма сіңіруге тырыстым» дейді ол.

Талай жыл Жаңақорған аудандық сотында сот отырысының хатшысы, маман, жетекші маман қызметтерін атқарған Бибайым Әшімқызы 2000-жылдан бері сот кеңсесін абыроймен басқарып келеді.

Соңғы кездегі сот жүйесінде болып жатқан құрылымдық өзгерістерге сәйкес ол қазіргі уақытта Жаңақорған аудандық соты әкімшісінің басшысы болып қызмет атқарады.

Ұжымдастары Бибайым Әшімқызын тек талапшыл басшы ғана емес, тәжірибелі тәлімгер, ұтқыр ұйымдастырушы және елгезек, қамқор, кеңпейіл әріптес ретінде сыйлайды.

Кейіпкеріміз жаны қалаған кәсіпті абыройлы атқарып қана қоймай, шәкірттері, яғни, сот саласына жаңа қадам басқан мамандарға өз тәжірибесін үйретуге тырысады. Өзінен кейінгі жас буынның бойына ибалы мінез, кішіге қамқорлық, үлкенге ізеттілік таныту сияқты асыл қасиеттерді дарытуға күш-жігерін жұмсайды.

Бибайым Әшімқызы да республика сот жүйесінде үздіксіз 40 жылға жуық абыроймен қызмет атқарып, қоғамдағы адам мен мемлекеттің негізгі құқықтары мен мүдделерінің бұзылмауын басты назарда ұстап, саналы ғұмырын осы қызметке арнаған білікті маман.

Еңбек қашанда еленеді. Оның талай жылғы қажырлы еңбегі ескерусіз қалмады. Тиісінше Қызылорда облыстық соты төрағасының, Судьялар одағы филиалы төрағасының, Жаңақорған ауданы әкімінің, Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хаттарымен, Мақтау қағаздарымен сан мәрте марапатталды. Сондай-ақ, Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті тарапынан III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалін, «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медальдарын иеленді.

Кейіпкеріміз тек білімді, білікті, абыройлы мемлекеттік қызметкер ғана емес, өмірден өз орнын тапқан аяулы жар, асыл ана, немерелерінің сүйікті әжесі. Жары Асылхан ағамызбен бірге бес бала тәрбиелеп, немере сүйіп отыр. Балаларының барлығы жоғары білімді, қоғамның әр саласында абыроймен қызмет атқаруда.

Өздеріңіз көріп отырғандай, біздің кейіпкеріміз сот жүйесінде тынымсыз еңбек етіп, талай биіктерді бағындырған, еңбегіне адал, мақсатына берік жан. Осы қасиеттері де оны бүгінгі биігіне жеткізді. Ендеше, саналы ғұмырын өзінің сүйікті мамандығына арнап, сол жолда қайсарлығы мен парасаттылығын, жаны мен арының тазалығын мойындатқан еңбекқор жанға шыққан биігіңіз аласармасын, алатын асуларыңыз, бағындырар белестеріңіз зор болсын демекпіз.

***Әлия ТҮБЕКБАЕВА,***
***Жаңақорған аудандық сотының төрағасы***
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

№40 (3571)
2 маусым 2023
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті



**Аққали АХМЕТ**, *Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы:*

# «АСЫРА СІЛТЕУДІҢ СОҢЫ АШАРШЫЛЫҚ ПЕН АПАТҚА АЛЫП КЕЛДІ»

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласының дамуы тарихына қатысты құжаттарды жинақтау және дайындау барысында ауыл шаруашылығын ұйымдастыру тарихына қатысты 5 мың құжат анықталды, соның ішінде 310 құжат жинаққа енгізілді. «Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926–1941 гг.)» атты бұл жинаққа енгізілген құжаттар қатарында қарар, бұйрық, шешімдер бар. Ауыл шаруашылығындағы өзгерістер туралы, жер-су реформаларының жүргізілуі туралы құжаттар жинағы да баспадан шығарылды. Шығарылған құжаттық жинаққа, өкінішке қарай, 1930–1933 жылғы күшпен ұжымдастыру кезеңіндегі көптеген архивтік құжаттар енгізілмей қалды.

**– Бірлескен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) деректері әлі ашылмай келе жатыр ғой?**

– Оның бірнеше себебі бар. Бұрын КСРО құрамында болған Латвия, Эстония сияқты Балтық жағалауы елдері өз тәуелсіздігін алған соң коммунистік жүйедегі барлық нәрсеге тыйым салды. Былайша айтқанда саясатта декоммунизация жүргізілді. Бізде ол жүргізілмеді. Біздегі бұрынғы НКВД, КГБ-нің документтері ДВД-ға 2014 жылы ғана берілді. Берілгенімен ол сол қалпында әлі тұр деуге болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығынан кейін ғана сең сәл жібігендей болды. Бірақ, соғыс тұтқындары мен Түркістан легионына қатысты құжаттар әлі құпиясыздандырылған жоқ. Бүкіл облыстағы департамент, прокуратурадағы документтердің барлығын қазір бір орталыққа ҚР Президенті архивіне жинады. Бұл бір жағынан дұрыс та болар. Бір жағынан облыстың деңгейінде зерттеліп жатқан жұмысқа үлкен кедергі келтірді деп айтуға болады. Оны ашық мойындауымыз керек.

Тағы да үлкен бір проблема – саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмысы аяқталатын болса, енді олар қай уақытта ашылатыны бір құдайдың өзіне ғана аян. Қазір бізде Түркістан легионына қатысты және соғыс тұтқындарына қатысты қоғамда екі түрлі пікір қалыптасқаны жасырын емес. Бірақ ашық қоғам құрамыз, жаңа Қазақстан құрамыз дейтін болсақ архивтегі кедергінің бәрі алынуы керек. Сіздерге бір ғана мысал айтайын. Кезінде олар ашты, бірақ әлі күнге дейін оны көп адам қарамады деп айта алмаймын, қарап жатқан да болар. Бірақ конференция, баспасөзде бұл мәселеге көңіл бөліп жүргендер некен-саяқ.

**– Архив құжаттары дегенде күнделікті тарих деген ұғым, түсінік бар ғой.**

– Дұрыс айтасыз. Бүгін не болды деген советтік кезеңде көп айтылмады. Шетелдіктер бұған үлкен мән береді. Мен осы арада сондай мәселенің бірнешеуіне мысал келтіре кетсем. Елді жайлаған аштық, қарапайым азаматтардың наразылығы жөніндегі мәліметтер ОГПУ тарапынан БКП (б) Қазақ өлкелік бақылау комиссиясының Жұмысшы-шаруа инспекциясына жіберіп отырған аса құпия жәйттер оперативтік хабарларында көрсетілген. Мысалы, Гурьев. 1933 жылдың 15 мамырында маусымдық жұмысшы Тивиков қайтыс болған коммунистің жаназасында «Енді коммунистер аштан өле бастады. Жақын арада коммунистерден құтылып, өмір жақсарады» десе, десятник Загулов «Біз ақымақпыз. Осы үшін соғыстық па? Міне қандай бостандыққа қол жеткіздік. Қазір қайтадан біздің мойнымызға әртүрлі «алтын тісті» оңбағандар мініп алды. Ал халық болса аштықтан зардап шегуде» деді. Құрылыс цехының жұмысшысы Резункова жұмысшыларға ашықтан-ашық: «Ақтар тұсында бұдан жақсы тұрып едік. Менің күйеуім қашып кетті. Мына өкіметті құлататын адамдар табылмай ол қайта оралмайды» десе, Семенов: «Кеңес өкіметі қыл үстінде. Бұл өкімет халықты аштық пен өлімге алып келді» деген.



Алматы. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының студенті Исқақов: «Қазақстан формальды түрде колония емес, шындығында патшалық Ресей тұсындағыдай Орталық Ресейдің колониясы болып қалып отыр. Барлық малды тартып алып, орталыққа жіберді. Қазақстан экономикасы БКП (б) басшылығымен деградацияға ұшырауда. Қазақ ауылының жағдайын білетін қызметкерлер жоқ. Байтұрсынов, Дулатов және т.б. сияқты қазақ қызметкерлерін қуып жіберді. 1928 жылға дейін Қазақстанда рулық құрылыс болды. Таптық құрылыс болған жоқ, ол керек те емес еді. Байлармен күресудің, конфискацияның да қажеттілігі жоқ болатын». Студент Мұратбаев: «Өкінішті, бірден түрмеге отырғызады. Мен де студенттер арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген болар едім. Керек болса коммунистердің өздері Қазақстандағы жағдайдың күннен-күнге нашарлап бара жатқандығын жете түсінетін болады».

Еңбекшіқазақ ауданы бойынша. «Буденный» атындағы колхоз мүшесі Федор Маскаленко: «Міне осыған жеттік. Бір аптадан асты, аш жатырмын. Тамақ алатын жер жоқ. Колхоз басқармасы көмектен бас тартты. Тағы барамын. Бермесе балаларға шіріген картопқа сулема (медицинада қолданылатын хлорлы сынаптан жасалған улы ақ ұнтақ) қосып пісіріп беріп, өзім де, балалармен бірге о дүниеге аттанамын» дейді.

**– Мұның бәрі Кеңес үкіметі тек қазақтарды ғана қасақана аштықпен қырды. Басқа этнос өкілдері жақсы өмір сүрді, олар билікке қарсы шыққан жоқ деген пікірді жоққа шығарып тұр ғой?**

– Иә. Елдегі ашаршылық пен жоқшылық, орынсыз айыптау, күштеп ұжымдастыру, тонау, ойдан шығарылған ауыр салықтар, малды заңсыз тәркілеу, шолақ белсенділердің асыра сілтеуі мен жүгенсіздігі барлығы жинақтала келіп қарапайым адамдардың заңды ашу-ызасын туғызды. Кеңес өкіметінің қасаң саясатына қарсы шағын топтар кеңес органдары қызметкерлеріне шабуыл жасады, жылқыны айдап кетті, мал мен астық ұрланып, тауар, ақша тоналды. Бұл әрекет биліктің мүлік жоспарын орындау, салық төлеу, аштықтан жан сақтап қалу ниетінен туындады.

Елдегі ашаршылық пен жоқшылық, орынсыз айыптау, күштеп ұжымдастыру, тонау, ойдан шығарылған ауыр салық, малды заңсыз тәркілеу, шолақ белсенділердің асыра сілтеуі мен жүгенсіздігі жинақтала келіп елді экономикалық апатқа алып келді. Қоғамда пролетариат диктатурасының ызғарлы аязы қақап тұрды. Бірақ, шын мәніне келгенде жұмысшы табының емес, солардың атынан партиялық аппарат пен кеңестердің атқарушы органдары көсемсымақтарының бюрократтық билігі жүргізілді. Оны тағы да архив құжаттары арқылы көрсетсек: Еңбекшіқазақ ауданы. 13 ақпанда 30 аш адам наубайханадан дүкендерге нан алып бара жатқан көлікке шабуыл жасаған. Наурыз айының ішінде азық-түлік ұрлығына байланысты 41 тергеу ісі қаралып, 329 адам жауапқа тартылған.

Калинин ауданы. Қаскелең селосының тұрғыны Елизавета Горшокова: «Кеңес өкіметі кезінде азаттық орнына өлім келді. Бұрын өлім өте сирек болатын, ал қазір мал сияқты күніне бірнеше адам өліп, орға көме салады».

Жаркент. Аудандық ауылшаруашылық жабдықтау мекемесінің қызметкері Лаврентьев нанмен қамтамасыз ету барысындағы әңгімеде: «Біздің барлық өміріміз бір үзім нанға байланысты болып тұр. Өкімет бұған да қарсы. Бұдан соң еріксіз шетелге қашу ойға келеді немесе бандыларға қосылу қалып тұр. Тек аштан өлмеу керек».

Петропавл. Медициналық техникумының студенті Сухов: «Қазақстан күн сайын өте шапшаң қарқынмен деградацияға ұшырауда».

Орал. Қаладағы №2 жетіжылдық мектептің оқушысы Крылов: «Иттер сияқты ызаландыру үшін саудамен қамтамасыз етуді ашты, газеттер өтірік жазады. Бізге айтады басқа елдерде жұмыссыздық, ал бізде одан да көп жұмыссыздық. Самарадағы оқдәрі заводындағы қысқартудан кейін 20 мың жұмысшыдан 18 мың жұмысшы қалды. Қазір жұмыстан қысқарған жұмысшылар Оралға ағылуда».

Шыңғырлау ауданы. «Сельстрой» мекемесінің көшірі Андрей Жабин: «Аштан өлгенді күткеннен гөрі өз-өзіңе қол жұмсап өлген дұрыс. Егер де бандылар пайда болса бүкіл халық солардың соңынан ерер еді».

Ал 1933 жылдың 12 мамырында А.Ивановтың хабарлауынша: Қостанай ауданы. Бұл ауданда аштықтан адам етін жеу сияқты қорқынышты оқиғалар белең алған. Азамат Н.М.Ткалич 25 жаста. Үйленген. Ашыққан соң әйелі екеуі бірігіп, туысқандары – колхозға кірер қақпаның күзетшісі Броневикті өлтіріп, жеп қойған. Азамат Е.С.Корольков. 34 жаста. Алғашқы кезде түрлі қалдықтармен, ит, мысықтармен қоректеніп жүрсе, кейін кулактың қызы Мария Авуйлованы балтамен шауып өлтіріп, үш күн бойы осы етпен жан сақтаған. Азамат Е.У.Коваленко. 52 жаста. Әйелі аштан өлген. Ашыққан соң өзінің бажасының әйелі Клименкованы ұйықтап жатқан кезінде балтамен шауып өлтіріп, бірнеше күн соның етін азық еткен.

Гурьев. Слесарь Смирнов: «Бұрын дүре пайдаланды, қазір социалистік жарысты пайдаланады. Жалпы айтқанда бесжылдық ауыр нәрсе, біз оған шыдас бере аламыз ба екен?».

Алматы. Ат әбзелдерін жасайтын шеберхананың қамыт жасайтын цехының жұмысшысы Сорокин займ туралы болған жиналыста былай деп мәлімдеді: «Жұмысшылар аш отыр. Олардан заемға жазылуды талап етуді тоқтату керек. Біріншіден аш жұмысшыларды тамақтандырып алыңдар». Бұл мәлімдемені басқа да жұмысшылар қолдады.

**– Ұлтараздықты қоздырды деп, жала жабушылар ол кезде де аз болмаған сияқты ғой?**

– Бір мысал келтірейін. 1933 жылы Қазақ өлкелік бақылау комиссиясының Жұмысшы-шаруа инспекциясына келіп түскен «аса құпия» грифі соғылған мәлімет бар. Ол Алматыдағы Зооветинституттағы жағдай туралы. «Институт директоры, БКП (б) мүшесі Малай Жүнісов жартылай феодалдың баласы. Ол айналасына жат элементтерді жинап, басшылық орындарға қойды. Институтқа социалистік қоғамға жат алашорда элементтерін жұмысқа алып, оларға, қаражатты шашуға қолайлы жағдай жасауда. Жүнісов тарапынан жұмысқа алынғандар: Чебышев – директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, бұрынғы жымқырушы. Ақшорин – институт шаруашылық меңгерушісі. Дауыс беру құқығынан айырылған. Жүнісовтың ағайыны. Бексов – бұрынғы молда. Жоғары білімі бар. Доцент лауазымына тағайындалған. Бесалиев Садық – тәркілеуге ұшыраған жартылай феодал. Партия қатарынан шығарылған. Институттың нольдік топтар бойынша оқу бөлімінің меңгерушілігіне қабылданған. Бекмұхамедов – ірі жартылай феодал. Доцент. Ермеков Әлихан – бұрынғы Алашорда көшбасшысы. Профессор. Әуезов Мұхтар – бұрынғы Алашорда көшбасшысы. Профессор. Жолдыбаев – көрнекті Алашорда өкілі. Профессор. Бірімжанов – ірі феодалдың баласы. Алашорда өкілі. Ассистент қызметінде.

«1933 жылы шипажайға жолдама мен жәрдемақы тек қазақ ұлтының ғылыми қызметкерлеріне беріледі, ал орыс ұлтының тек екі өкілі ғана жергілікті демалыс үйіне жолдама алды», – деп «жерден жеті қоян» тапқандай мәлімдейді. Одан әрі қазақ студенттері жәрдемақы алады, әрі шәкіртақы алса, ал орыс студенттері болса бұдан қағылған. Бұндай тәртіп студенттер арасында да, оқытушылар арасында да кикілжің тудырады. Орыс топтары дұрыс байқаған «коренизация», «ұлы державалық шовинизм» атын жамылып институт басшылығы өз ойларын жүзеге асыруда деп қырағылық танытады. Қызғаныштың қызыл өртін қоздыра отырып, «бұл екі ұлттың арасында наразылықты күшейтеді», – деп көлгірсиді арыз жазушы. Жоғарыда аталған мәліметтер ОГПУ (Москва), Өлкелік комитетке (Мирзоян), Өлкелік бақылау комитетіне (Егоров), облыстық ОГПУ бөлімдеріне, облыстық саяси бөлімдерге жіберілген.

Алайда бұл жылдары қоғам өмірінің барлық салаларында түбегейлі әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар жүзеге асырылғандығын жоққа шығаруға болмайды. Ең өкініштісі бұл жолда адам құқықтары аяқасты етіліп, заңсыздықтарға жол берілді. Біз келтірген архив деректері халқымыздың басынан өткен зобалаң жылдардың санаулы парағы болатын.

**– Сұхбатыңызға рақмет.**

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

КОНФЕРЕНЦИЯ

# АЗАЛЫ ЖЫЛДАР МЕН АЗАПТЫ ЖОЛДАР: ТАРИХ САБАҒЫ




Алматы облысының Талғар ауданы Жаңалық ауылындағы Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Азалы жылдар мен азапты жолдар: тарих сабағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Онда Толебек Абдырахманов, Болотбек Абдрахманов, Жумагул Байдилдаев пен Салтанат Асекованың «Книга памяти о лицах казахской национальности и уроженцах Казахстана, репрессированных в Кыргызстане (1920–1953гг)» деп аталатын кітабының таныстырылымы болды.

И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің доценті Жумагул Байдилдаевтың айтуынша, Қазақстандағы Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты былтыр «Орта Азияда репрессияланған қазақтар» деген кітап шығарған. Оның ішінде Қырғызстандағы қазақтар да бар. Олардың көбі Қырғызстанда жоғары қызметте істеген адамдар. Соның бірі – Мұсабек Таукин. Ол 1931 жылы Қырғыз АССР Орталық атқару комитетінің, 1933 жылы ВКП (б) Қырғыз облыстық бақылау комиссиясы президиумының мүшесі болып сайланған. Сондықтан олар 1920–1953 жылдары Қырғызстанда репрессия құрбаны болғандарға арналған 10 томдық материал бойынша осы еңбекті әзірлеген. Онда Бішкектегі «Ата-бейит» ұлттық тарихи-мемориалдық кешенінде жатқан 137 адамның ішіндегі қазақтардың өмірбаяны мен суреті және оларға қатысты ҰҚК архивіндегі құпия құжаттардың көшірмесі енгізілген. Ол жалпы оқырман мен зерттеушілерге арналып отыр.

– ҰҚК жас қызметкері боп жүрген кезімде 1930 жылдардағы саяси репрессия құрбандары жерленген орын туралы ақпарат алдым. Оны айтқан НКВД демалыс үйі күзетшісінің қызы, 1991 жылы сәуірде кірпіш жасайтын пеш болған жердің орнын да көрсетті. Содан кейін ҰҚК басшысынан рұқсат алып, маусымда көрсетілген жерді қаза бастадық. Қазба жұмысын видеоға да түсіріп алдық. Онда жерленген адамдарды бас сүйегі арқылы ғана санадық. 137 адамның бәрінің бас сүйегінде оқтың орны бар. Табылған НКВД құжаттарында марқұмдарға қатысты мәліметтердің кіріс және шығыс нөмірі толық көрсетіліпті. Оны архивке берген кезде қызметкерлер көшірмелерін тауып берді. Папкада 137 адамның аты-жөні болды. Олар 17 ұлттың өкілі еді. 30 тамызда табылған сүйектердің бәрін қайта жерлеу рәсімі болды. Оған Голландиядан Шыңғыс Айтматов келіп бұл жерді «Ата бейит» деп атады. Ал 31 тамызда Президент Қырғыз Республикасының тәуелсіздігін жариялады. Бұл қазіргі таңда Қырғызстанда табылған 1930 жылдардағы репрессия құрбандары жерленген жалғыз орын. Бұдан басқа да қорымдардың болғаны туралы ақпарат бар, бірақ олардың нақты орны белгісіз, – деді «Ата-бейит» ұлттық тарихи-мемориалдық кешені директорының орынбасары Болотбек Абдрахманов. Болотбек Жұмашұлының айтуынша, бұл орынның табылуы үлкен сенсация болды. ҰҚК-ге «біздің ата-анамыз қайда жерленген, оларды неге іздемейсіздер?» деген хаттар түсе бастайды. Соның нәтижесінде ҰҚК басшылары «өзің бастадың, енді аяқта» деген соң 4 жыл бойы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмысымен айналысқан. Кейін басшылары жұмыс бабымен басқа жерге ауыстырады. Ал 2014 жылы бұл мәселеге қайта оралған кезде ол өзі бастаған жұмыстың аяқсыз қалғанын біледі. Сондықтан ҰҚК институтының директоры ретінде бұл істі аяқтауға қайтадан өз басшыларынан рұқсат алады. Сол кезде архивтен 14,5 мың істі тауып, оны 3 жыл іріктеп, 1920–1953 жылдардағы репрессия құрбаны болған 17 мыңнан астам адамның тізімін жасайды. Сондай-ақ, өз қаржысына Қырғызстандағы репрессия құрбандары туралы 10 томдық кітап шығарған. Енді ондағы мәліметтер негізінде қазақтарға қатысты құжаттар жеке жинақ болып шығарылып отыр. Алдағы уақытта бұл еңбек «Арыс» баспасы арқылы мың данамен басылып, Қазақстан оқырмандарының назарына ұсынылмақ.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

БІЛГЕН ЖӨН

**Атқарушылық іс жүргізудің де өзіндік реті бар. Ол сот процесінің соңғы қадамдары. Ол азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру кезеңі. Заңды мүдделер осы атқарушылық іс жүргізу барысында қалпына келеді. Бұл жердегі жүк әрине ең алдымен жеке сот орындаушыларына түседі. Осы ретте, жеке сот орындаушылар мемлекетке орасан зор еңбек сіңіріп жүр.**

# АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ПРОЦЕСІ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕДІ

Облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен республиканың барлық өңірі жеке сот орындаушының жұмыс істеу аумағына кіреді. Ол осы аталмыш аймақтың бәрінде атқарушылық құжаттардың орындалуын қадағалауға, жүргізуге құқылы.

Атқарушылық құжат барысына тоқталатын болсақ, ол ең алдымен жеке сот орындаушыларына істі одан әрі бөлу үшін өңірлік палатаға ұсынылады.

– Бұл құжат борышкер-жеке тұлғаның тіркелген жері немесе оның тұрақты тұратын жері, болмаса оның жұмыс орны бойынша атқарушылық іс-қимылдарды жүзеге асыру үшін беріледі. Сондай-ақ, ол борышкер-заңды тұлғаның тіркелген жері, органның (құрылтайшысының) нақты орналасқан жері, сонымен қатар оның мүлкінің тіркелген не орналасқан жері бойынша бөлінеді. Бұл арада жеке сот орындаушысына жүктелетін жүк ауыр. Ол заңда көрсетілген рет бойынша атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық шаралар қолданады. Сондай шаралардың бірі – өндіріп алу сомасы шегіне сай шоттар мен мүлікке (арест) тыйым салады.

Борышкер атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысу үшін жеке сот орындаушысына жүгіну қажет. Ол үшін https://aisoip.adilet.gov.kz/ сайтында атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі тараптарының кабинетінде электрондық форматта танысуға болады, яғни «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 36-бабына, 1-тармағына сәйкес уәкілетті орган атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті мақсатта борышкерлердің бірыңғай тізілімін жүргізеді. Борышкер туралы мәліметтер уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналасады. Борышкерлердің бірыңғай тізілімі атқарушылық іс жүргізу жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы қалыптасады және жүргізіледі. Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді сот орындаушылары атқарушылық іс қозғалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жібереді. 2-тармақта көрсетілген мәліметтерде мына құжаттар қамтылады:



**Акзер ИЗЕМБАЕВА, Алматы облысының жеке сот орындаушысы**

1. Борышкердің тегі, аты-жөні немесе борышкер ұйымның атауы;
2. Борышкердің атқарушылық құжаты, берілген күні және орындалмаған міндетінің мазмұнын берген орган;
3. Көрсетілген мәліметтерді жолдайтын сот орындаушысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), аумақтық бөлімнің атауы мен мекенжайы немесе жеке сот орындаушысы кеңсесінің мекенжайы.

Осыған байланысты жіберілген атқарушылық құжаттардың мәртебесіне сілтеме бойынша өтіп, борышкер өз дерегін тексере алады.

Сонымен қатар, ҚР Әділет министрлігі атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (АИСОИП) атқарушылық іс жүргізу тараптарының кабинетін (борышкер, өндіріп алушы) әзірлеп, пайдалануға енгізді. Осы кабинетте тараптар атқарушылық іс жүргізудің орындалу барысымен таныса алады, сондай-ақ, атқарушылық іс жүргізудің барлық процестік материалдарын қарай алады.

АИСОИП жүйесі «Kaspi bank» жүйесімен біріктірілген, осыған орай борышкерлер «Kaspi bank» қосымшасында «Төлемдер» - «Сот берешегін төлеу» бөлімінде борышкердің ЖСН нөмірін енгізіп, берешекті төлеуге болады. Осы төлемнен кейін шектеулер автоматты түрде бір мезетте шешіледі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

# ЖЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ДАУ КӨП



**А.ШАРХАНОВ, Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

**Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына Қазақстанда заңмен кепілдік беріледі. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 5-бабы 2-бөлігіне сәйкес, әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу.**

ӘРПК-нің 9-бабы 1-бөлігіне сай, әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы. Өздеріңізге белгілі, 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізілді.

Азаматтар жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері оңтайландырылды.

Әкімшілік соттарға түсіп жатқан даулардың басым бөлігін жер дауларына қатысты талап қоюлар құрап отыр. Осы санатты даулардың ішінде жер учаскелерін беруде жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінің және жер комиссияларының хаттамалық шешімдерінің күшін жою жөнінде, сондай-ақ, «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының құзырлы бөлімдерінің жер учаскелеріне сәйкестендіру құжаттарын беруден бас тарту және өз орнына дұрыс орналастырмау әрекеттеріне қатысты даулар әкімшілік соттарға түсуде.

Сондай-ақ, әкімшілік іс жүргізу тәртібімен жер учаскелерінің пайдалану мақсаттарын өзгертуден бас тарту, жер учаскелерін мемлекеттің қажеттілігі үшін алу жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың әрекеттеріне қатысты дауларды қарайды. Жер учаскесіне берілген сәйкестендіру құжаттардың, яғни, мемлекеттік актілердің күштерін жою туралы талап қоюлармен талапкерлер әкімшілік соттарға жүгінуде.

Жер кодексінің 12-бабының 25-тармағына сай жер теліміне берілген мемлекеттік акті жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты – жер, құқықтық және қала құрылысы кадастрларын жүргізу мақсатында жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларын қамтитын құжат болып танылады.

Сондықтан жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты және нысанды пайдалануға қабылдау комиссиясының актісі құқық танушы құжат емес, сондықтан осы құқықтармен міндеттерді тудырмайды және сотта даулауға жатпайтынын ескеру қажет.

2022 жылға жер дауларына қатысты жеке және заңды тұлғалардан 279 талап арыздар түсіп, 67 сот шешімдері шыққан, сонымен бірге осы санаттағы істердің көп бөлігі кері қайтарылған. Кері қайтарылған талап арыздардың негізгі бөлігі талап қоюшылардың талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімді өткізіп алуына байланысты болуда.

ӘРПК-нің 136-бабында сотқа талап қоюды беруге арналған мерзімдерді есептеу мен қолданудың шарттары көрсетілген, атап айтқанда – дау айту туралы, мәжбүрлеу туралы талап қоюлар шағымды қарайтын органның шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі. Егер заңда сотқа дейінгі тәртіп көзделмеген немесе шағымды қарайтын орган болмаса, талап қою әкімшілік акт табыс етілген күннен бастап немесе осы кодексте және Қазақстанның заңнамасында белгіленген тәртіппен жеткізілген кезден бастап бір ай ішінде беріледі.

Әрекет жасау туралы талап қою адамға әрекеттің жасалғаны туралы мәлім болған, сондай-ақ, әрекет жасау үшін заңнамада белгіленген мерзім өткен күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі. Сонымен қатар, талап арызбен сотқа жүгіну кезінде заңда белгіленген дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібін сақтау қажет екенін ескеру қажет.

Бұл жерде дәлелді себеппен өткізіп алынған талап қоюды беруге арналған мерзімді сот Азаматтық процестік кодекстің қағидалары бойынша қалпына келтіруі мүмкін. Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімдерді өткізіп алу себептері мен олардың мәнін әкімшілік істің дұрыс шешілуі үшін сот алдын ала тыңдауда анықтайды.

Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімді дәлелді себепсіз өткізіп алу, сондай-ақ, сотқа жүгінудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтірудің мүмкін болмауы талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады.

ПӘРМЕН

# ЖАРНАМА САЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУДЕ ҚАТЕ БАСЫМ

**Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі қызмет шеңберінде прокуратура органдары бизнес субъектілеріне жарнама салығын есептеу кезіндегі заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізді.**

Кәсіпкерлерден белгілер үшін сыртқы жарнама ретінде салық төлемдері барлық жерде алынғаны анықталды. Алайда «Жарнама туралы» заңға сейкес, белгіге салық салынбайды, өйткені ол сыртқы (визуалды) жарнама болып табылмайды.

Мұндай тәжірибе әкімдіктердің фискалдық органдарға жарнама ретінде анықтай отырып, белгіні пайдаланатын кәсіпкерлер туралы мәліметтерді ұсынуы нәтижесінде қалыптасты.

Мысалы, Алматы облысында әкімдік жарнама үшін салық төлеуші ретінде А. ЖК туралы мәліметтерді жіберген кезде ғимараттың төбесіндегі дүкеннің белгісі ғана алынған. Сонымен қатар, Қызылорда облысында бизнес объектілерінде үгіт материалдарын орналастырғаны үшін 18 кәсіпкерге салықтық төлемдерді негізсіз есептеу фактісі анықталды, олар да заң талаптарына сәйкес салық салуға жатпаған. Жалпы, прокурорлар 1600-ден астам заңсыз салық алу фактілерін анықтады.

Бүгінге прокурорлық қадағалау актілері бойынша 12 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 725 бизнес субьектісінің құқықтары қаралды, 12 млн теңгеден астам қаражат кәсіпкерлерге қайтарылды.

Бұл жұмыс жалғасуда және бақылануда. Сондай-ақ, Үкімет жіберілген бұзушылықтар туралы ақпараттандырылды, жарнама саласындағы уәкілетті органның тиісті басшылықты жене салааралық, үйлестіруді қамтамасыз ету қажеттілігіне назар аударылды.

**Аружан ҚОЖАБАЕВА**

РУХАНИЯТ

# «ОРАЛХАН ОҚУЛАРЫ» ҚАЙТА ОРАЛА МА?

**Қазақ әдебиетінде өзіндік орнын қалдырған, шығармалары тек қазақ жұртын емес, шет елдерді мойындатқан, жазушы-драматург, журналист – Оралхан Бөкейдің туғанына биыл 80 жыл толып отыр. Санаулы ғұмырында, саналы ұрпағына өшпес мұра қалдырып кеткен тұлғаны бүгінгі күні өз дәрежесінде дәріптей алып жүрміз бе?**

Шыңғыстаудың бөктерінде, дарынды, білімді отбасында дүниеге келген Оралханның да өнерден ауылы алыс емес. Өмір жолын журналистикамен де, жазушылықпен де ұштастыра білді. Сонымен қатар, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында ұстаздық қызмет еткенін көпшілік біле бермеуі де мүмкін. Құрдастары жазушыны еске алған тұста ерекше қабілетін жарыса баяндайды. Осы бір қабілетіне орай, сол кездегі Мәдениет министрі Алтынбек Сәрсенбаевтың қолдауымен «Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу байқауы» ұйымдастырылған. Байқау ең алғаш 1998 жылы Астана қаласынан бастау алды. Осы ретпен жыл сайын өткізіліп келе жатқан байқау белгісіз себептермен 2017 жылы тізімнен алынып тасталған. Қазақ ақын-жазушыларының шығармалары оқылатын байқаудың не үшін қажеті болмай қалғаны белгісіз. Осы мәселе бойынша жазушының қарындасы Ғалия Бөкейқызының пікірін білген едік:

«Иә, елімізде «Оралхан оқулары» алынып тасталды. Мен соған іштей қынжыламын. Байқау «Оралхан Бөкей оқулары» деп аталғанымен, онда бүкіл қазақ классиктерінің шығармалары оқылады. Бір кездері «Оралхан Бөкей атындағы» деген тіркес алынып тасталғанда сол кездері ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедке хат жолдадым. Сол кезде: «Мұндай қателік енді қайталанбайтынына Алланың атымен уәде беремін» деп жауап берген. Сол уақыттан кейін байқау үздіксіз өтіп тұрды. Одан кейін «Республикалық көркемсөз оқулары» басталды. Оның өзінің ережесі болды. Байқау үш деңгейде өтетін: аудан – облыс – республика. Қатысушылар үш сала бойынша (классика, поэзия және монолог) бақ сынасады. Бұл салалардың ең бір тиімді тұсы – ауылдағы мектеп оқушыларының арасынан қатысқысы келетіндерге шектеу жоқ еді. Осы байқау соңғы рет Шымкент қаласында өтті. Енді қайтадан қалпына келсе екен деген тілегім бар» – деді ол.

«Біз өлгенде жоғымызды жоқтап, жазғанымызды жинап, осындай бір қызымыз жүрсе, өкініш жоқ екен»,– деп жазушының өзі айтқандай, айту – біздің міндет. Аз ғұмырында артына мол мұра қалдырған тұлғаның қолымыздан келгенше туындыларын дәріптеп, өз



дәрежемізде насихаттай алсақ, одан асқан бақыт бар ма?

**Жібек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА**
**ҚазҰУ, Журналистика факультеті, 4 курс студенті**

ЖЕГІҚҰРТ

**Озбырлығымен отанымызды бұратана еткен одақ тарап, егеменді ел атанғалы «сыбайлас жемқорлық» деген айықпас дерт пайда болды.**

# ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРЛЕСЕ КҮРЕСЕЙІК

Бүгінгі ақпарат дәуірі дүрілдеп тұрған кезеңда бұл ауру тіпті асқынып кетті. Одақ кезінде жасырын жасалатын жемқорлық қоғамымызға ентелеп кіріп өз орнын ортамыздан ойып алды. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту мақсатында елімізде Қылмыстық кодекске, «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға және басқа да заңдық нормативтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыр. Олар мүмкіндігінше өз нәтижесін беруде.

Қазақстан Республикасының Жемқорлыққа қарсы стратегиясына сәйкес барлық ұйымдарда арнайы жоспар құрылып, түрлі шаралар жүргізілуде. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюроның әр облыста департаменттері бар. Аш кенедей жабысқан бұл дертпен күресті тек заң қызметкерлері ғана жүзеге асырады деп бойымызды аулақ салмай, бірлесе күресу баршамыз үшін маңызды іс.

Сыбайлас жемқорлық – ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Жемқорлықпен күрес кез келген қоғам үшін әрқашан өзекті. Ал онымен күрестің тиімділігін арттыру кез келген мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық мәнге ие. Әсіресе, бұл серпінді дамып келе жатқан және бәсекеге қабілетті әлем елдерінің қатарына кіруді мақсат етіп отырған біздің еліміз үшін өте маңызды әрекет екені бәрімізге белгілі. Еліміздің әрбір мекемесі осы індеттің аяғына тұсау салатын кез әлдеқашан кеп қойды.

Әр ата-ана өз баласының денсаулығына қалай қараса, бұл індеттен де балаларын алшақ ұстауға тәрбиелеуі қажет. Соңымыздан сор болып қалмай жүрген осы пәлекетті қалайда жою үшін қоғам болып бірлесе күресейік. Сонда ғана сыбайлас жемқорлықтан тазаратынымыз сөзсіз.

**Дәулет ЖАППАРБЕК,**
**Түркістан облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандарылған ауданаралық сотының аға сот приставы**

МІНДЕТ

# ЖАУАПСЫЗ ӘКЕГЕ ЖАЗА БАР

**Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілгендей балаларды тәрбиелеу, қамқорлық жасау әрбір ата-ананың табиғи құқығы мен міндеті.**

Отбасында татулық пен тыныштық салтанат құрып, ата-ананың мейірімін көріп өскен әр бала бақытты. Алайда, біздің елімізде отбасының бұзылуы, ерлі-зайыптылардың ажырасуы жиілеп кетті. Некенің бұзылуы балалардың тағдырына айтарлықтай теріс ықпалын тигізеді. Ата-ана арасында туындаған келеңсіздік балалардың психикасына, дамуына, көңіл-күйіне әсер етпей қоймайды. Өзін қор сезіну, керексіз жан секілді көру осындай кезден басталады. Мұның соңы баланың тұйықталып, қоғамнан бойын алыс ұстауына, мінезінің өзгеруіне түрткі болып жатады.

Ажырасудың материалдық салдары да ауыр. Бүгінде сот орындаушылар өндірісінде орындалмай жатқан істердің басым бөлігін алимент құрайды. Жауапсыз әкелер ажырасу нәтижесінде ұл-қызының сағын сындырып қоймай, материалдық мүмкіндіктен де айырып отырғандарын түсінбейді. Алиментті уақытында төлету үшін не істеу керек?



**Бақыт БЕКМҰРЗАЕВ, Қарасай ауданының жеке сот орындаушысы**

Бала алдындағы берешегін төлемеген әкелер мәжбүрлеп, міндеттемей қарызын қайтармайтынын уақыт көрсетіп отыр. Сондықтан, алимент төлеуші жұмыссыз бола тұра жұмыс тауып, істеуге талап жасамаса, қарызын қайтаруға тырыспаса алимент мөлшерін өндіру орта есептік көрсеткіштегі жалақы мөлшерімен есептеледі. Борышкерлерге ықпал етудегі тағы бір пәрменді шара – Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге, рұқсаттар мен лицензияларға және көлік құралдарын айдауға уақытша шектеу қою түрінде қолданылады. Сонымен қатар алимент төлеуден жалтарғандарға қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік барын да ескеру керек. Айталық, кәмелетке толмаған баласына үш айдан астам уақыт бойы алимент төлемегендер Қылмыстық кодекстің 139-бабына сай 10 АЕК көлемінде айыппұл төлеуі, не қоғамдық жұмыстар, кейбір жағдайларда, тіпті, 2 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

# ЖАРНАМА

## ӘРТҮРЛІ

9. 5 шілде күні 2023 жылы Атырау қаласы, Махамбет ауданы, Бейбарыс ауылында сағат 15-00-де Бейбарыс мәдениет үйінде «Первомайский» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жалпы жиналысы болады.

Күн тәртібінде:

1.Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2020–2022 жылғы жұмыс қорытындылары туралы басқармасының есебі және 2023 жылға арналған өндірістік жоспар мен жұмыс бағдарламасы.

2.Серіктестік жарғысының жаңа редакциясын бекіту.

3.Мекеменің орындаушы директорын, байқаушы кеңесін, басқарма құрамын, тексеру комиссиясының құрамын сайлау.

«Первомайский» ЖШС

10. Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 25 мамырдағы ұйғарымымен Қызылорда қаласы, Байқоңыр көшесі, 36 үй мекенжайында орналасқан «Недра Сервис Казахстан» ЖШС-не (БСН 150440006548) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» заңының 72-бабына сәйкес, хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде кредиторлар талаптары мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Бектұрғанов көшесі, 17 үй, 83 пәтер, анықтама телефоны 8 (7242) 710419, 8 701 8884852.

11. «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС өтелмеген мүлікті сату бойынша аукциондар өткізеді.
Өтетін орны: Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6
Өткізілетін күні: 10.06.2023 - 20.06.2023
Анықтамаға арналған телефон: +7 775 371 29 69
Аукционға қойылған жылжымайтын мүлік тізімімен lombardkz.kz сайтынан танысуға болады.
Лиц. 01.21.0009Л.

12. «Партизанское-1» ЖШС (БСН 990540005220) барлық қатысушыларға кезектен тыс жалпы жиналыстың өтетіндігін хабарлайды.

Жалпы жиналыс келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Партизанка ауылы, «Тойхана» ғимараты.

Жалпы жиналыстың өтетін уақыты: 2023 жылдың 5 шілдесі күні, сағат 13:00-де.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:
15.09.2022 ж. № 1 кепілшартына қосымша келісім жасау.

20. «Technological Solutions Company» ЖШС, БСН 110940003148, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 77.

22. ХАБАРЛАНДЫРУ
ТР
БАНДЫРМА ОТБАСЫ СОТ МЕКЕМЕСІНЕН
НЕГІЗ № : 2021/725 Негіз

Шағымданушы Ферхат ӨЛМЕЗ тарапынан жауапкер Ирина Андреева ӨЛМЕЗГЕ қарсы ашылған ажырасу ісінде жауапкер Ирина Андреева ӨЛМЕЗГЕ шағым арызда көрсетілген адресіне шақыру хат шығарылып, шақыртуды тәртіпке сай тапсыру мүмкін болмаған. Адрес тексеруден де бір нәтиже болмағандықтан, хабарландыру шақырту жасауға шешім шығарылған.

Осы хабарландыру жарияланған мерзімнен бергі 7 күннен кейін шақыртылған деп саналып, алдын ала тексеру отырыс күні ретінде 12.09.2023 күні сағат 09.30-да 6100 санды ҚСЗ-на (Құқықтық сот мекемесі заңы) сәйкес, бітім үшін қажетті дайындықты жүргізуіңіз, отырысқа тек қана екі жақтың бірінің келуі және сотты жалғастырғысы келген жағдайда қатыспаған жақ жоқ болғанда жасалған әрекеттерге қарсылық таныта алмайтындығы (ҚСЗ 139) мәселесі.

Алдын ала тексеру отырыс күні мен сағаты адресат орнына жарамды деп табылған түрде хабарландырумен шақыртылады.

Хатшы 117016 — Судья
(е-қол) — (е-қол)

23. «ТрансОйл» СК» АҚ акционерлерінің назарына!

2023 жылы 25 мамырда болған акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары туралы хабарлаймыз. Акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беру құқығы бар 1 348 412 акцияға иелік етуші акционерлер қатысты, бұл «ТрансОйл» СК» АҚ-ның дауыс беруші акцияларының жалпы санының 99,15 % құрайды.

Дауыс беру қорытындысы

| № | Күн тәртібі Мәселелері | Жақтап | Қарсы | Қалыс қалған |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «ТрансОйл» СК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту | 1 348 412 | жоқ | жоқ |
| 2 | «ТрансОйл» СК» АҚ 2022 жылғы жылдық қаржы есептілігін бекіту | 1 348 412 | жоқ | жоқ |
| 3 | «ТрансОйл» СК» АҚ 2022 жылғы таза табыс бөлу тәртібін бекіту және жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу (төлемеу) туралы шешім қабылдау | 1 348 412 | жоқ | жоқ |
| 4 | «ТрансОйл» СК» АҚ 2023 жылғы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу | 1 348 412 | жоқ | жоқ |
| 5 | Акционерлердің «ТрансОйл» СК» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қараудың қорытындылары туралы | 1 348 412 | жоқ | жоқ |
| 6 | Акционерлерді «ТрансОйл» СК» АҚ 2023 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша тәуекелдерін бағалау жүйесі коэффициенттерінің талдауы жайлы хабардар ету | 1 348 412 | жоқ | жоқ |
| 7 | Акционерлерді «ТрансОйл» СК» АҚ директорлар Кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері мен құрамы туралы хабардар ету | 1 348 412 | жоқ | жоқ |

## ЖОҒАЛТУ

16. Павлодар қаласындағы «Сентрас Коммеск Life «Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ филиалы туралы жоғалған ереже, БСН 200941032067 жарамсыз деп есептелсін.

## МҰРАГЕРЛІК

8. 18.03.2018 жылы қайтыс болған Абишев Ауелбектің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулері керек. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел.87022334499.

## ТАРАТУ

2. «ПРПД-11» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 190440018479, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Жамақаев көшесі, 258/7 үй, 2 пәтер, тел.: +77784937310.

3. «ПРПД-21» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 190440018529, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Жамақаев көшесі, 258/7 үй, 2 пәтер, тел.: +77784937310.

4. «Реал Экспорт» ЖШС (БСН 090640022957) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, «Көкшоқы» шағынауданы, РУ-6 көшесі, 22 үй, 14 пәтер.

5. «Несиелік серіктестігі қолдау-2020» ЖШС (БСН 130240004868) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жиделіарық ауылы, Оқшы ата, көшесі, 7А үй.

6. «Хаджар 1» ЖШС (БСН 190840008972) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы обл., Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Арман көшесі, 18 үй.

7. «ПАНА» несиелік серіктестігі» ЖШС, БСН 150740028758, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам ауылдық округі, Төретам ауылы, Мұратбаев көшесі, 29 үй, тел.: 87774541488.

13. «MeirCompany» ЖШС, БСН 220940034293, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, О. Дощанов көшесі, 135А, 93 пәтер.

14. «Жилой Комплекс» Samal Town» мүлік иелері бірлестігі, БСН 220240011443, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, «Самал» ықшамауданы, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 60А үй, блог Г,

15. «Елемесов» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 230340039548, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылы, Маметова көшесі, 8 үй, тел.: +77718499969.

17. «Голд-А Ломбард» ЖШС (БСН 170640005729) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Қараменде би көшесі, 6 үй, тел.: +77079836970.

18. «Байжуман» ЖШС, БСН 180940023204, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Амангелді көшесі, 14 үй, 5 пәтер. Тел.: +77079836970.

19. «Өтейбойдақ» қазақ медицинасын дамыту қоғамдық қоры (БСН 190340012625) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Талғар ауданы, Кеңдала ауылы, Талғар көшесі, 70. Тел.: +77781781896.

21. «комфортстройкокше» ЖШС (БСН 170840021966) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 2/3 үй, 10 пәтер.


## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

**Алматы қаласы**
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

**ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.**

**ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**Арлан-консалтинг ЖШС,** Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,** Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07,ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ.,Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**ЖК «Сагидоллина Б.»,** 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

# ҚИЫС ЖОЛ



*(Соңы. Басы №38 санда)*

Кезекші басын шайқағанда мұның үміті ақталмай, еңсесі түседі. Сергейдің де тергеу абақтысында отырғанына екі күн болды. Нақты дәлел болмаса оны ертең босату керек. Оның «Иринаны мен зорладым» деген сөзіне бола қамауда ұстап отыра алмайсың. Сөзін растайтын дәлелдер керек. Ал, бұлтартпас дәлелді қазір тек сот-медициналық сараптама мамандары ғана бере алады. Енді қайтпек керек?... Бәлкім... Иә, ол жаққа өзі барып келгені жөн. Сол тезірек болады. Зертханаға өзі барып, сараптама қорытындысын өзі алғаны абзал. Әйтпесе, ондағылардың сенің асыққаныңмен шаруасы жоқ, өмірі кісімсіп жүреді. Әлихан Маханбетұлы үстел үстінде жатқан кілтін алып, дереу кабинеттен шықты. Кезекшіге, «мен бір сағаттан кейін боламын. Лабораторияға барып келемін» – деп ескертіп қоюды да ұмытпады.

Мамырдың мамыражай мезгілі жанға біртүрлі жылылық береді. Көктемнің көгіне іліккен жұрттың жүзі бал-бұл жанып, шуаққа шомылып жүргендей. Шағын қаланың бір жақсысы осы болса керек, адамдар бір-бірімен етене таныс жандардай мейірлене қарап, танымаса да амандасып өтеді. Мұнда мемлекеттік мекемелер негізінен орталық көшеде шоғырланған. Бірақ, мәйітхана мен сот-медициналық сараптама мекемесі қаланың шет аумағына, көне ғимараттардың бірінде орналасқан. Ел аузында бұл аймақ «Соңғы сапар ауданы» аталып кеткен. Әлихан сол ауданға көлігімен келіп, сылағы түсіп, ана жер мына жерінің кірпіштері үгітіле бастаған жертамның алдына тоқтады. Мекеме қызметкерлері есік алдында шылым шегіп отыр екен. Жолдың шаңын бұрқыратып, мазаларын ала келген тергеу бөлімінің басшысына бәрі жақтырмай қарады. «Тағы да тықақтап, сараптама қорытындысын сұрайды қазір. Бір күн шыдаса өзіміз-ақ жеткізіп берер едік қой» – деді, ақ халатының жеңіне қан қатып, қатпарланып қалған Михаил Невзоров деген бас маман. Оның мұрын астынан міңгірлеп, жанындағыларға естірте айтқан сөзі подполковникке жете қойған жоқ. Бірақ, оның тыжырына қараған түрінен қандай сөздер айтылып, қандай ойлар қылаң бергенін Әлихан бірден аңғарды. Әйтсе де, керек қағазын алып алғанша бұлармен жүз шайысуға болмайды. Сол себепті ол зертхана қызметкерлеріне жайдары мінез танытып, алыстан дауыстап амандаса жақындады.

– Оооо, сот-медицина саласының ғұламаларына жалынды сәлем! Қалайсыңдар, жігіттер? Жұмыстарыңа сәттілік тілеймін! Сендер болмасаңдар біздің жұмысымыз мүлдем өнбейді, тергеу жүрмейді, қылмыс ашылмайды. Оны өздерің де жақсы білесіңдер. Сендердің бар болғандарың үшін Аллаға мың шүкір! Жаңа жолда келе жатып мына бір шөлмекті ала салып едім, шаруаларың біткен соң өздерің тамақ шаярсыңдар. Әрине, таза спирттей бола қоймас. Дегенмен, көңіл ғой, жігіттер, – деп қара пакетке салынған бір шиша арақты Мишаға қарай ұсынды.

Мұндай құбылысқа үйреніп қалған ол қолын созып жатып, кілт тұрып қалды. Қасындағы әріптестеріне бір, подполковникке бір қарап, халатының жеңін тартқылап, абдырап тұрды да пакетке қарай құлықсыз қол созды.

– Миша, не болды қалтырап, дегбірің қашып кетті ғой. Қатының енді арақ ұстасаң қолыңды сындырамын деді ме? – деп жанындағы жігіттер қыран-топан болды.

Расында, әншейінде арақ әкелсең жайнаңдап шыға келетін осы бір қисық көз соңғы кездері Әлиханға жақтырмай қарайтынды шығарды. Бұған дейін де бір-екі рет осындай қылығын аңғарғанымен, подполковник мән бере қоймады. Бет-аузы, қолы-басы жара-жара болып жүреді соңғы кездері. Айналасындағылар, «Миша, Катюша сені тағы тәртіпке шақырды ма, түрден түр қалмапты ғой. Әй, сол адуынды қатынды тастамасаң бір күні сені ұрып өлтіреді. Немесе арақты қойып, соның айтқанымен жүріп-тұратын боласың» – деп қағытып жатқанын көрген. «Ойпырм-ай, мынадай еңгезердей еркекті сабап, жүнін жұлған тауықтай етіп қойған ол қандай қатын екен? Мынаған әлі келіп жүрсе құр адуын емес, нағыз дүлей долы шығар ол» – деп ойлады сол кезде Әлихан. Міне, бүгін тағы көзінің айналасы қанталап, тырналған. Қолының да сау тамтығы қалмапты байқұстың. Подполковник Невзоровқа мүсіркей қарады да, бірден келген шаруасына көшті.

– Ереке, соңғы жағдай бойынша сараптама қорытындысы шықты ма? Марқұм Ирина Нефедованың бойынан алынған шауқат пен тырнақ астынан алынған материалдардың біздің күдіктімізге қатысы бар ма екен? Тездетіп қылмыскерді ұстамаса бастық басыңды аламын деп жатыр – деп, аға ғылыми қызметкер Ерік Тұралиевке қарады.

– Еее, басыңды аламын десе сенің жаның менің қолымда екен ғой. Онда бір өлімнен аман қалдың. Жаның үшін маған, нақтырақ айтқанда ана Мишаға қарыздарсың. Жаңа ғана қорытындыны әкеліп беріп еді ол, – деп, бір бет парақты Әлиханға ұсынды. Подполковниктің көзінде үміт оты жарқ етіп, дереу қағаздағы айбақ-сайбақ жазуды оқи бастады. Біртіндеп көзінде қуаныштың ұшқыны білінді. Аяғын сүйретіп, алып денесі иін ағаштай иіліп кетіп бара жатқан Михаил Невзоровқа риза көңілмен бір қарады.

– Ереке, рақмет, сізге де, Мишаға да. Алла қосса мына бір бет парақ менің жанымды ғана аман алып қалған жоқ. Тіпті, шенімді де өсіріп жіберуі мүмкін. Сол күнге жетер болсақ сендерді бір кафеге шақырып, дұрыстап тұрып жуып беремін. Рақмет! – деп көлігіне қарай тұра жөнелді.

* * *

Басқармаға дейін қалай тез жеткенін Әлиханның өзі де аңғармай қалды. Кабинетіне кірісімен телефон соғып, Маратты өзіне шақыртты.

– Рұқсат па екен?

– Марат, кір! Міне, сот-медициналық сараптама қорытындысы. Шыдамай, өзім барып алып келдім. Тергеушіге айт, құжаттарды реттеп, прокуратураға жөнелтсін. «Бір оқпен екі қоян атты» деген осы болады. Уф! Иығымнан жүк түскендей, бейне-бір қанат біткендей ұшып келдім жаңа. Кешегі асылып қалған қызды да, осыған дейінгілерді де зорлаған сенің Сергейің екен. Сараптама қорытындысы осыны растап отыр.

– Құп болады, жолдас подполковник! Бәсе, Сергей неғып моп-момақан бола қалды десем. «Иринасыз маған өмірдің мәні жоқ. Қалаған қылмыстарыңды іле беріңдер мойныма. Не айт, қалай айт десеңдер солай айтып, жазып беремін. Маған енді бұл өмір қызықсыз», – деп сайрап отыр еді. Жасарын жасап, асарын асап алып отыр екен ғой оңбаған. Нағыз әртіс екен. Тіпті мен, осы байқұстың кінәсі жоқ шығар-ау. Нақақтан күйіп бара жатқан жоқ па деп ойлана бастап едім. Қателесуге шақ қалған екенмін, – деп Марат Нұрышев та көңілі жайланғандай болды.

* * *

Камераның іші көзге түртсе көргісіз, тас қараңғы. Тек сыбырлап сөйлеген дауыс қана естіледі. Бейне бір кеңістіктен, тұңғиықтан шығып жатқан секілді ол дауыс. Сәл тұрып, түнекке көзі үйренген адам ғана оң жақ бұрышта тақтай төсекте бүрісіп жатқан адамның сұлбасын байқай алады...

– Кешір мені, Иришка, кешір... Кешір мені, жаным, кешір... Мен кінәлімін... Мен өлтірдім... мен өлтірдім сені... Бәріне мен кінәлімін... Қызғаншақтықтың қызыл иті сенің маған деген сезіміңнің адалдығын, сенің махаббатыңды шын сезінуге мұрша бермеді. Мен кінәлімін... кешір мені... сүйіктім... кешір мені...

* * *

– Подполковник мырза, мына бір адам сізді күтіп отыр. Келгеніне біраз болды, өзіңізге айтатын мәліметім бар, – дейді.

Кезекшінің сөзін жүре тыңдаған Әлихан Маханбетұлы кіреберісте отырған орта жастағы адамға көз қырын салды да, «кабинетке жүріңіз» – деп, ертіп кетті. Жұмыс орнына жайғасып, алдындағы қағаздарды реттеп алған соң қарсы орындықта отырған бейтаныс жанға назар аударды. Әлихан Маханбетұлы мұндай «қонақтарға» әбден үйреніп алған еді. Жас кезінде милиция болуды армандап, алайда түрлі себептермен басқа салаға кетіп қалған адамдар есейген соң да ізкесушінің рөлін сомдап, балалық шақтағы қиялымен өмір сүре береді. Әркімнен бір күдіктеніп, полицияның онсыз да көп жұмысын ауырлатып кететіндері бар. Құр ойымен бөлісіп қойса жақсы. Кейбірі тіпті, болмашы нәрсеге арыз жазып, бармасыңа, тексермесіңе қоймай, қадалып отырып алады. Амал жоқ, арыз түскен соң баруға, тергеп-тексеруге тура келеді. Шындығын айтқанда, бөлімдегі бар-жоғы үш-төрт тергеушінің бір-екеуі осындай құр пайым, болжам, байбалам негізінде жазылған арыз-шағымды қарап, сандалып жүрумен уақыттарын өткізеді. Бірақ, мына адам ондай күдікшіл мен күмәншілдер қатарынан емес сияқты. Және өзге емес, бөлім басшысымен ғана сөйлесемін деп күтіп отырған. Үстіндегі киім-кешегі де таза, жинақы. Бойын тік ұстап, шашын қысқартып қиып, сақал-мұртты тазалап қырып қойғанына қарағанда органда немесе әскер қатарында қызмет еткен адам сияқты...

– Саулығыңызды тілеймін, подполковник мырза! Менің есімім Қайрат Жолдасұлы болады. Маған былай барлап қарай берудің қажеті жоқ. Мен де кезінде пагон таққан адаммын, қазір зейнеттемін. Бірақ, ауру қалса да әдет қалмайды екен, жан-жағыма бажайлап, қырағы отыру қалыпты дағдыға айналған. Қайда қызмет еткенімді айтпай-ақ қояйын, ол маңызды емес – деп, ыңғайланып отырып сөзін бастады бейтаныс жан.

– Мен Алмалы көшесіндегі 38-ші үйде тұрамын. Онда қоныс аударғаныма көп болған жоқ. Зейнетке шыққаннан кейін жер үйде тұрып, бау-бақшаны ермек қылайын деп көшкеніме жылдан астам уақыт болды. Осы үйге көшкелі оң қапталымыздағы бір үйден кейін тұратын орта жастағы адамдар тынышымызды алып болды. Осы тұсқа келгенде Әлихан, «Еее, әдеттегі әңгіме, сол баяғы арыз-шағым болды ғой» – деп ойлап, қарамағындағы тергеушілердің бірін шақырмаққа телефонға қол соза берген еді. Подполковниктің ыңғайын сезген Қайрат та тезірек сөйлеуге көшті.

– Сол отбасы міне 2 айдай болды тынышталып қалды. Отағасы бір байқұс адам. Аздап ішетін болуы керек, кешкісін үйіне қарай сүйретіліп келе жатқан бейбақты әйелі көшеден күтіп алып, жерден алып, жерге салып жатушы еді. Соңғы кезде тып-тыныш. Жыл бойы естіп жүрген «әуеніміздің» сап тыйылғаны маған күмән келтіре бастады. Долы келіншек көрінбей кетті. Ал, күйеуі сол баяғы ілбиген қалпы, жұмысқа кетіп бара жатады, ішіп алып, қисалаңдап қайтып келе жатады. Соңғы кезде осы адамның үйі жағынан жағымсыз иіс келеді. Желдің бағыты сол жақтан соқса демалу мүмкін болмай қалады. Осыны бір тексеріп берсеңіз деген өтінішпен келіп отырмын. Менің кәсіби түйсігім осы жерде бір кілтипан бар дегенге саяды. Қаласаңыз арыз жазайын. Бірақ, сізді мықты маман деп естідім, сол себепті алдымен өзіңізге келіп отырмын, – деп Қайрат Әлиханға салмақ сала сөзін аяқтады.

Әр сөзін салмақтап, сараптап сөйлеп отырған Қайрат Жолдасұлының әңгімесі Әлихан Маханбетұлына да қызық көрінді. Арыз жаздырып алу ешқайда қашпас. Расында, мына кісінің күмәні шынға айналып, сол жерде бір шикілік болса ше? Тағы бір қылмыс ашылып жатса онда басшылық алдында абыройы артып қалмай ма? Осындай пендеуи ойлар санасын билеген подполковник Қайратпен бірге барып, күмәнді үйді тексеруге келісті.

* * *

Алмалы көшесін бойлай келіп тоқтаған жеңіл көліктен екі адам түсті. Уақыт түске таяп қалған мезгіл еді. Мамыр айының аяғы, күн ысып, температура отыз градустан асып тұр. Болар-болмас желдің өзі жанға сая болар емес. Керісінше сасық иіс келетіндей ме, біртүрлі. Әлихан 36-үйдің ауласына кіріп, үйдің сыртқы есігін итеріп көріп еді, ілдейбайлап ілініп тұрған есік айқара ашылды да іштен қолаңса иіс мүңк ете түсті. Таныс иіс...

Иә, қалалық мәйітхананың ішінен осындай иіс шығып тұратын. Әлихан Маханбетұлы қасындағы Қайратқа, сіз кірмей тұра тұрыңыз – деді де қол орамалын алып, мұрнын тұмшалап жауып үйге кірді. Үйдің іші тып-тыныш. Кей бөлмелер қаракөлеңке. Ал, пердесі мен форточкасы жартылай ашық тұрған жатын бөлмеде төсектің үстінде белгісіз адамның мәйіті жатыр. Қарайып, борсып, ісініп кетсе де ұзын шашына қарап, бұл мүрденің әйел адамдікі екенін аңғаруға болар еді.

Әлихан сыртқа атып шығып, алысырақ барып құсып жіберді. Жаңағы көрініс талайды көрген кәнігі полицейдің өзін лоқсытып, жүрегін айнытты. Дереу кезекшіге телефон соғып, оқиға орнына полиция шақырды. Жедел жеткен мамандар іске кірісті. Айналаны қоршап, тексеру жұмыстарын бастап кетті. Біраздан соң Серік Қарабаев шығып подполковникке екі төлқұжат пен блокнот ұсынды да:

– Естімеген елде көп деген осы, Әлеке. Мынау күнделік қой деймін. Беті ашық жатыр екен, оқыдым да саған алып келдім. Менен гөрі саған қызығырақ болар деп ойладым – деді де қайтадан үйге кіріп кетті. Әлихан бірден күнделіктегі жазуға көз жүгіртті. Таныс жазу, бір жерден көрген сияқты осындай қолтаңбаны...

«...Катюша, мен тағы да құтылып кеттім. Сенің жаның тұлданып, «қап бәлем!» деп күйініп жатқан шығар. Бірақ, мен енді сенен қорықпаймын. Бұрынғыдай шабаландап, маған қол жұмсай алмайсың енді. Сенің ендігі жердегі міндетің менің ырқыма көніп, не істесем де, қалай істесем де соған төзіп жату. Сен ренжіме, мен сенің көзіңді жауып қойдым. Өйткені, оты өшіп қалған. Кейде тірі жанарды көргім келеді. Аққан жасты көрсем, ыңырсыған дауысты естісем деймін. Сен менің ол қалауымды енді өтей алмайсың. Ана Сергей деген байқұс босқа сотталып кетті. «Мен өлтірдім, менің кінәм» дейтін көрінеді. Иринаны шынымен сүйген болып тұр ғой. Ол да қызық, бірден асыла салғаны несі. Екеуіңнің мінездерің ұқсайды. Бір анадан тумасаңдар да әкелерің бір ғой қанша дегенмен. Оған дейінгі үш қыз өлмей-ақ өмір сүріп жүр ғой. Олар қазір ана Сергейді қарғап-сілеп жатқан болар.

Айтпақшы, жағдайдың қалай болғанын білесің бе? Бәрін мен істедім. Ха-ха-ха! Зертханаға келген шауқат пен өзге де материалдар бойынша қорытындыны өзім жазып отырдым. «Бәрі бір адамдікі, пәлен-түген» деп. Ал, Сергей деген күдікті ұсталып, соның анализдері алынған кезде, осыған дейінгі материалдар мен Иринаның бойынан алынған шауқат осы Сергейдікі деп жала жаптым. Бітті! Сергей сотталды, ал мен сенің жаныңдамын. Сіңлің үшін ренжіме. Ол бір күні болмаса бір күні үйге келіп, екеуміздің шырқымызды бұзуы мүмкін еді. Енді бізге ешкім де кедергі бола алмайды. Біз бақыттымыз!».

Мына жазбаны оқыған Әлихан Маханбетұлы не істерін білмей отырып қалды. Жерде екі адамның төлқұжаты ашық жатыр. Бірі – Невзоров Михаил Васильевичтікі. Екіншісі – Нефедова Екатерина Анатольевнанікі.

**Талант ДОСБОЛҰЛЫ**

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Астана** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 5615 дана**
**Апталық таралым 11 230 дана**

Тапсырыс №78 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31